

№1, наурыз,  
2024(16)

# ШАБЫТ

*қанаттыңда*











НАУРЫЗДЫ БИМЕН ӘРЛЕГЕН .....	13
ТАРИХ ПЕН ТАНЫМ ТАМЫРШЫСЫ .....	19
МАГИЯ СТРУН .....	27
ИСТОРИЯ УСПЕХА АКТЕРА ТОЛЕПБЕРГЕНА БАЙСАКАЛОВА .....	32

## «ШАБЫТ ҚАНАТЫНДА» журналының редакциялық алқасы

ҚҰРАЛБЕК АТАМУРАТОВ — «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ басшысы;  
 ДӘМЕР ҚАЛҚАЕВ – Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнекор орталығы» КМҚК басшысы;  
 ГҮЛЖИБЕК БЕКМҰХАМЕДОВА – телеқұжатшы, облыстық және республикалық байқаулардың лауреаты, Қазақстан Республикасы журналистер Академиясының академигі;  
 АБЫЛАЙ МАУДАНОВ – Қазақстан жазушылар одағының мүшесі;  
 КЕНЖЕШ АМАНОВА — облыстық «Қостанай таңы» газетінің директор-бас редакторы;  
 НИКОЛАЙ СТАДНИЧЕНКО — облыстық «Костанайские новости» газетінің мәдениет, әлеуметтік сала және жастар саясаты секторының меңгерушісі;  
 ҚАЙРАТ КУЛОВ – Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнекор орталығы» КМҚК медиа сүйемелдеу бөлімінің жетекшісі;  
 АЙТОЛҚЫН АЙҚАДАМОВА – Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнекор орталығы» КМҚК ақпараттық редакторы;  
 БАЛЖАН МЕДЕБАЕВА – Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнекор орталығы» КМҚК ақпараттық редакторы;  
 ДАРИХА ДҮЙСЕБАЕВА – «Л.Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ басшысы;  
 ГҮЛЖАН МЕНДЕКИНОВА – «Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі» ММ басшысы;  
 НАДЕЖДА ТЕПЛЯКОВА – Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Ыбрай Алтынсарин атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы» КММ басшысы;  
 ЮРИЙ ИВЛЕВ – Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық орыс драма театры» КМҚК басшысы.

## Редакционная коллегия журнала «ШАБЫТ ҚАНАТЫНДА»

ҚҰРАЛБЕК АТАМУРАТОВ — руководитель ГУ «Управление культуры акимата Костанайской области»;  
 ДАМИР КАЛҚАЕВ – руководитель КГКП «Областной центр самодетельного народного творчества и киноvideофонда» Управления культуры акимата Костанайской области;  
 ГҮЛЖИБЕК БЕКМҰХАМЕДОВА – теледокументалист, лауреат областных и республиканских конкурсов, академик Академии журналистов Казахстана;  
 АБЫЛАЙ МАУДАНОВ – член Союза писателей Казахстана;  
 КЕНЖЕШ АМАНОВА – директор-главный редактор областной газеты «Қостанай таңы»;  
 НИКОЛАЙ СТАДНИЧЕНКО — заведующий сектором культуры, социальной сферы и молодежной политики, редакция областной газеты «Костанайские новости»;  
 ҚАЙРАТ КУЛОВ – руководитель отдела медиа-сопровождения КГКП «Областной центр самодетельного народного творчества и киноvideофонда» Управления культуры акимата Костанайской области;  
 АЙТОЛҚЫН АЙҚАДАМОВА – информационный редактор КГКП «Областной центр самодетельного народного творчества и киноvideофонда» Управления культуры акимата Костанайской области;  
 БАЛЖАН МЕДЕБАЕВА – информационный редактор КГКП «Областной центр самодетельного народного творчества и киноvideофонда» Управления культуры акимата Костанайской области;  
 ДАРИХА ДҮЙСЕБАЕВА – руководитель КГУ «Костанайская областная универсальная библиотека имени Л. Толстого»;  
 ГҮЛЖАН МЕНДЕКИНОВА – руководитель ГУ «Костанайский областной историко-краеведческий музей»;  
 НАДЕЖДА ТЕПЛЯКОВА – руководитель КГУ «Областная библиотека для детей и юношества имени Ибрая Алтынсарина» Управления культуры акимата Костанайской области;  
 ЮРИЙ ИВЛЕВ – руководитель КГКП «Областной русский драматический театр» Управления культуры акимата Костанайской области.

БАТА

Ия, Алла!  
 Қатыгез қастан сақта,  
 Қытымыр достан сақта!  
 Қаңғыған оқтан сақта,  
 Харам астан сақта!  
 Қазылған ордан сақта,  
 Құрылған тордан сақта,  
 Жігерсіз қордан сақта,  
 Кеудесі зордан сақта!  
 Қайырымсыз ұлдан сақта,  
 Мейірімсіз қыздан сақта!  
 Жаратқан жар болсын!  
 Үйіңе бақыт қонсын,  
 Жортқанда жолың болсын,  
 Жолдасың Қыдыр болсын!  
 Басқа бас қосылсын!  
 Досқа дос қосылсын!  
 Асқа ас қосылсын!  
 Орта толсын!  
 Айтқаным келсін!  
 Аллаһу әкпар!



## ҚЫДЫР ДАРЫСЫН

Қыдырдың түп-төркіні қадір немесе Қыдыр деген сөзден шыққан болуы керек деп топшылаймын. Қадір болса, қадірлі, құрметті деген сөз. Қыдыр болса – қыдырып жүреді дегені. Қыдырғанда да Қыдыр кез келген, көрінген үйге бас сұға бермейді. Дастарханы баталы, шаңырағы аталы, негізді де некелі, жеті атасы жетелі, үй иесі орнықты, келіншегі ұқыпты, бала-шағасы құйма құлақ отауларға кіреді. Төріне шығып, малдасын құрып отырып, дәмін татады, батасын береді.

Ыбырай Алтынсарин: «Жөн білмеген адамға Қыдыр ата дарымас» - деп тегін айтпаған. Қазақ «Қырықтың бірі – Қыдыр» дейді. Қыдыр атаның етегіне түскен ұзын шапаны, салбыраған сақалы, иығында қоржыны бар деп ойлауға болмайды. Кейбір үйлерге сол кейіпте келуі де мүмкін. Енді бір үйлерге Қожанасыр болып келе ме, Алдаркөсе болып келе ме, әлде басқа кейіпке кіре ме, ол жағын үйдегілер байқамай қалуы да мүмкін. Сондықтан да ақсақалдар бата бергенде ең алдымен ауызға оралатын сөз саптауларда: «Бақ қонсын, Қыдыр дарысын!» – деген тілек айтылады.

Қыдыр баба кейбір үйлердің иелерін сынау мақсатында мүсәпір болып келуі де мүмкін. «Мүсәпірді жәбірleme!» – деп жатады. Қазақта «Үйден қырық адым аттап шықсаң – мүсәпірсің» – деген сөз де бар. Бізбен түбі бір түріктер қонақты, яғни мейманды мүсәпір дейді екен. Ыстамбұл қаласында «Мүсәпір» деп аталатын қонақ үйі де бар.

Қазіргі уақытта біз жылдың төрт мезгілі деп жүрміз. Ал ертеде түркі (түрік емес) халқы, қыпшақ жұрты жаз бен көктемді қосып алты ай жаз, күз бен қысты қосып алты ай қыс деп атаған. Яғни, он екі ай қаққа бөлінген. Жылдың бір жартысы суық, ызғар болса, екінші жартысы жарық пен жылу. Жақсылық пен жамандық, күн мен түн осылайша алмасып, итжығыс түсіп жатады.

Абай айтпай ма:  
 «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
 Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.  
 Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,  
 Басқан ізі сықырлап келіп қалды.  
 Демалысы үскірік, аяз бен қар,  
 Кәрі құда қыс келіп әлек салды».



Жаз бен көктемнің жөні бір басқа. «Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы, масатыдай құлпырар жердің жүзі» деген осы тұс, жердің беті жасарып, мал көкке шығып, тіршілік жайнап, қан қайнап, төлдер тойынып, қыз-бозбала эзілдескен кез, күн менен түн теңескен, жасы үлкендер кеңескен, балалардың айдарынан жел ескен кез – қасиетті Наурыз, міне, нағыз жыл басы.

Біз болсақ, кешегі Совет империясының идеологиясынан, тіпті оған дейінгі ақ патшаның отарлаушылық идеологиясынан әлі арыла алмай келеміз. Ата заңымызда зайырлы мемлекет деп жазылғандықтан ешқандай діни артықшылықтарға жол берілмеуі керек десек те, осы уақытқа дейін тойлап келген жаңа жылымыз діни басқалардың кәдімгі Рождество мейрамы. Санта Клаус немесе Дед Мороз дегеніміз, турасын айтсақ, мейірімді Аяз ата емес, қаһарлы қыстың қатал бейнесі.

Өздеріңіз ақылға салып көріңіздерші, жаңа жыл дегенде күнтізбедегі қаңтардың алғашқы күнінен басқа жаңа зат бар ма?! Қар да жаңа жаумаған, желтоқсаннан қалған. «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай. Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай» дегендей, қыстың да нақты белгіленген шекарасы жоқ. Наурызға келсек, барлығы жаңа. Ақ уыз, жас төл, көк шөп, жас арман, жаңа тілек. Өзімнің бір өлеңімде:

«Анасына баласы опа бермей,  
Сәби өсті бір жөнді ата көрмей,  
Аяз ата жүргенде тост көтеріп,  
Қыдыр бабам кетті ме бата бермей» – деп жазған болатынмын.

Аяз ата қазақ баласына ата болуға жарамайды. Ата болып та жарытпайды. Қазақта Қаңбақ шал деген кейіпкер бар. Сондықтан Аязды атымен атап, Аяз шал деген орынды. Қазақ баласының атасы Қыдыр ата болуы керек. Мұрны қызарып, сөзі ұзарып жүретін Аяз ата туралы бір кезде мынандай шумақ жазғаным бар:

«Аяз ата түксиіп, қабақ түйген,  
Ішпей қойды кеш бойы тамақты үйден.  
Өйткені, ол бет қызарып, мұрын ісіп,  
Алыпты тойғанынша арақ ішіп».

Тост дегеннен шығады, шампан ұрттамасақ, тілегіміз орындалмай қалатындай, стақан түйістірмесек, жолымыз болмайтындай, жаттан жұққан жаман әдет дәстүрге айналып кетті.

Қазақ сөздерінің төркініне зер салсақ, тост деген сөздің түбірі тосу. Ақ дәмімді алдыңа тостым дегенді білдіреді. Тіпті тостаған деген атаудың өзі осы сөзден шыққан. Кейін барып стақан деп өзгеріске ұшырап, өзге тілдерге енген. Келген қонақты қарсы алып, тостағанмен қымыз ұсыну ежелгі түрік елінен, көшпелілерден қалған дәстүр.

Қазақтың жаңа жылының артықшылығы өте көп. Басқалар ағаштың жанын қинап, жас өскінді кесіп, қиып, үйіне шырша орнатып жатса, ата-бабамыз Наурыз айында көшеттер отырғызған. Қыста су қатып жатса, бітеліп қалған бұлақ көздері жазда ашылған. Қысқы қалың киім сыпырылып, жаңа киім-кешек киілген.

Көне орыс жерінің өзінде христиан дінін қабылдағанға дейін Жаңа жылды наурыз айының бірінен бастап тойлаған. Ағылшындар наурыздың жиырма бесін жаңа жылдың алғашқы күні деп есептеген.

Қазақ арасында Қыдыр мен Қызыр сөзі кейде бірін бірі алмастырып айтылады. Айырмашылығы бір-ақ әріп болғандықтан ба, кейде Қыдыр баба, кейде Қызыр баба, көбінесе Қызыр әулие деп жатады. Бірақ, Қыдырға әулие дегенді қосарламайды.

«Мәденимұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жарық көрген «Бабаларсөзі» көп томдығында берілген түсініктердің бірінде: «Қызыр – Алла мәңгілік өмір берген киелі тұлға, қазақмифтерінде, фольклор мен діни аңыздарда кездесетін архаикалық бейне, оның есімі Ілияс пайғамбармен қоса айтылады» деген анықтама берілген. (27 том, 335 бет).

Наурыз туралы және оның басты қаһармандарының бірі Қыдыр баба туралы түсінік қазақ даласында Ислам діні тарамай тұрып та болғанына шәк келтіре алмаймыз. Сондықтан да:

«Қадір түні келеді Қыдыр десе,  
Қыдыр, бірақ, көзіңе көрінбесе,  
«Қырықтың бірі – Қыдыр» деген сөзді  
Кезінде тауып айтқан ел ендеше» – дейміз.

Қызырдың жанында ғайып ерен қырық шілтендер еріп жүреді деген түсінік бар. Қырық шілтен – қырық көмекші, пайғамбардың серіктері.

Ілияс пайғамбарды қазақтар Қызыр-Ілияс деп қосарлап атайды. Қазақтың ертегілері мен батырлар жырының бір кейіпкері де осы Қызыр-Ілияс. Кейінгі уақытта жарық көрген кейбір кітаптарда Қыдыр-Ілияс деген сөз де кездеседі, алайда, ол жаңсақтықтан кеткен жаңылу деп қабылдауымыз керек.

Қыдыр баба туралы ондай сөз айтылмайды. Қырықтың бірі Қыдыр дегені – оның басқа кейіпте адамды сынау мақсатында келуі мүмкін дегенді аңғартса керек. Қадір түні періштелер келеді. Қыдыр келеді дегені кейін қосылған жапсырма.

Ел аралап жүретін, ақ киімді, ақ сақалды әулие Қызыр-Ілиясқа байланысты айтылса, Қыдыр баба бейнесі де оған ұқсас, бірақ, ол міндетті түрде ақ киім киеді, жасы ұлғайған жасамыс кісі немесе ақ сақалды қария деген ұғым қазақта жоқтың қасы.

Бұл екі кейіпкерді шатыстыру екеуінің де адамға ырыс-несібе әкелуші, дәулет беруші, қамқоршы болушы деген ұғымдарға сай келгенінен болса керек.

Қазақ баласына мейірімді ата болатын Қыдыр баба бейнесін сомдау – әдебиетшілердің де, суретшілердің де, киногерлердің де парызы. Қыдыр туралы мультфильмдер шығарылып, ойыншықтар жасалып, оның образы мектеп оқулықтарына енгізілуі керек деп есептеймін.

**Ақылбек ШАЯХМЕТ,**  
ақын, жазушы, драматург, көсемсөзші-журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты.

## ӨМІР – ӨНЕР – ӨНЕГЕ



Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенова – айтыс өнеріне өзіндік қолтанбасын қалдырып қана қоймай, талай ұрпақты тәрбиелеп, өнерге баулып жүрген жан. Алмастың жүзіндей өткір сөзіне мақамы сай келіп, қарсыласының алдын кесіп, көрерменді аузына қаратып отыратын Әсия апамыз айтыстың ақберені атанды. Бүгін Халық ағарту ісінің үздігі, Қазақстанның халық ақыны, Қостанай облысының құрметті азаматы Әсия Әйіпқызымен ұрпақтар сабақтастығы, ұлттық тәрбие мен құндылықтар жөнінде сұқбат өрбіткен едік.

– Әсия Әйіпқызы, сіздің ақын екеніңізді барша халық біледі. Бірақ ақындықпен қоса, сіз алдымен халық ағарту ісінің үздігісіз. Жастарды тәрбиелеп, жетелеп жүрсіз. Осы жауапкершілігі мол жолды қоса алып келе жатқаныңызға қанша жыл?

– «Халықтың басты кейпін айқындайтын – мәдениет» деген сөздің астарында көп дүние жатыр. Біздің мақсатымыз – өнер мәдениетін дамыту. Өнер дегеніміз өнеге. Өмір – өнер – өнеге егіз ұғым. Университет қабырғасында мен жетекшілік етіп келе жатқан «Өнер» студиясының жұмыс істеп, жастарды тәрбиелеп келе жатқанына 20 жылдан асыпты. 2001 жылы ашқанда да жастарды тәрбиелеп, өнерге, өмірге шындай түссем деген мақсат қойған едім. Сол мақсатымнан әлі де танған емеспін. Ата-аналар баласының жан-жақты болғанын қалап, музыка мектептеріне апарып жатады. Бірақ баланың да жүрек қалауына үңілген жөн сияқты. Ал жан қалауымен музыкаға барған бала өмірде де осы саланы тастамайды. Менің де алдыма бала бекерден келмейді. Басқа салада білім алып жүрсе де, өнерді жақсы көріп, соны қалап тұратын студенттер келеді. Қаншама толқын алдымнан тәрбие алып, өмірге араласты. Өнер бар жерде мәдениет бар. Ал мәдениет әдеппен қатар ұғым. Өнерлі бала қай жерде болмасын өзін көрсете біледі. Біздің «Өнер» шығармашылық үйі 24 жылдан бері (әуел баста студия еді) талай жастың тұсауын кесіп, қанат қақтырды.



Сөз мәдениетін меңгерген жастар бүгін республика көлемінде көрініп жүр. Дархан Қастеров, Гаухар Төлекбаева, Әлия Сапаровалар ел алдында. Одан қалды «Х фактор» жобасының жеңімпаздары да біздің түлектер. Осындай жастардың бойындағы өнердің өрістеуіне, сондай деңгейге көтерілуіне ықпалым тиді деп айта аламын. Университеттің сол кездегі де, қазіргі де басшыларына осындай мүмкіндік бергені үшін алғыс айтқым келеді. Университетте оқып жүрген жастардың білім алуымен қоса, жан дүниесіне жақын, рухани күш беретін іспен айналысуына жағдай жасап, аспаптармен, сахналық киімдермен қамтамасыз етіп жатыр. Қазір өкініштісі айтыскер ақындардың шығуы азайды.

**–Ұлттық өнерді қалап, сол саланы дамытатын ұрпақ көп болсын десек нені ескергеніміз жөн?**

–Ұлттық өнерге деген қызығушылықты арттыруға күш салуымыз керек. Мысалы біздің оқу орнында 6 мыңдай студент болса, соның оншақтысы ғана домбыраға келіп жүр. Біз алғаш ашылған кезде домбыра тартуға үйір жастар көп еді. 25-30 балаға дейін келіп, қызығушылық танытатын. Ол домбыра тарта білетін бала жоқ деген сөз емес.

Ол сол білгенін халыққа көрсетуге ниеттері жоқ. Біз осы өнердің бәрін тегін үйретіп жатырмыз. Ол үшін арнайы жоғары білімді мамандар жұмыс жасайды. Екі вокал, екі хореография, домбыра сыныбы бар. Түлектер көбіне қай салаға грант бөлінеді соны таңдайды да, сол салада оқи жүре, бізге келіп жүріп сертификат алады.


Бұл өмірге деген қосымша жолдама ғой. Мысалы біздегі би үйірмесіне келіп жүрген үш қызымыз дипломдарына қоса, біздің берген қоғами мамандық сертификатын алып, қазір бимен айналысып жүр. Сымбат Еркін деген қызымыз Жангелдин ауданында балалар шығармашылық үйінде хореография сыныбын ашыпты, Фариза деген қызымыз инженерия факультетін бітіріп, ол да би тобын құрды. Сондай мысалдар өте көп. 2010 жылы ғылыми кеңесте аса дарынды, үздік қабілеттерін көрсеткен студенттерге сертификат береміз деп шешкен едік. Сол дұрыс шешім болды. Бұл – қосымша мамандық. Ол студенттер біздің де үмітімізді ақтап жатыр. Оның ішінде кеше ғана Қостанай өңірін танытқан Ұлпан Жұмабек те, Азамат Малыш та бар. Мәди Күнтуаров деген баламыз Қытайға барып, сол жақтағы қазақтарға домбыра үйретіп жүр. Тіпті өнер саласында қызмет етпесе де қазақтың тойын басқарып, халық қалап алатын асаба болып жүрген біздің шығармашылық үйінен шыққан Айбар Абрахов, Марғұлан Оспанов, сөз мәнерін білетін Заңғар, Қыдырбектерді де айтар едім. Міне, осындай балалармен қалай мақтанбасқа. Ата-аналарға да айтарым, мектеп бітіргелі отырған балаларын өзіміздің Ахаң атындағы университетке әкелсе еш қателеспейді. Бізде жастардың дамуына бар жағдай жасалған. Ұлттың басқа ұлттан ерекшелігі мәдениеті мен тілінде, өнерінде. Тамырын тереңдетіп, құнарландырсақ елімізді асқақтата түсеміз.

Жастарға айтарым, жастық шақ – ең алтын уақыт. Осы шақты босқа жібермесе екен деймін. Жастардың дені өнерге көңіл бөліп, өзін дамытқаннан гөрі даяшы болып, ақша тапқанды жөн санайды. Әрине, ата-анаға салмақ салмай жұмыс істеген дұрыс. Бірақ тез өтіп кететін студенттік өмірді босқа жіберуге болмайды. Студенттік кезеңде есте қалатын жарқын кезеңдер болады. Студенттік іс-шараларға қатысып, өзінің өнерін дамытса деймін. Әсіресе қыз балаларға айтарым, қазақта қыз ғұмыры тым қысқа. Ертең сендер қандай азаматқа тап боласыңдар, соны ойлаңдар.

Сондықтан бар кезінде жарқырап, билеп, не қолдан келсе соны үйреніп, жақсыға ұмтылу керек. Осыны жастар түсінсе екен деймін. Алдымнан өткен шәкірттерім әрдайым хабарласып, ризашылығын айтып тұрады.

**–Біз қазір ұлттық өнерді қаншалықты дамытып, қолдап келеміз? Күні кеше Арқалықта айтыс ақындарының сыныбы ашылды. Осындай бастамалар бізде неге жоқ?**

–Айтыс ақындарының сыныбын ашпай-ақ алдыма келген балаға соншалықты тәлім беруге дайынмын. Қазір айтысқа жақын студенттер аз. Мұндай сыныптарды мәдениет пен білім басқармалары қолға алулары керек. Қаржы мен қолдау қажет. Егер осы басқармаларға жоғарыдан талап болса орындар еді. Президенттің өзі ұлттық өнерге ден қойыңдар деп жатыр. Ұлттық домбыра күнін белгілеп, сабақ ретінде енгізіңдер деп ұсынып жатқаны да содан. Бұл тек науқаншылдықпен өте шықпай, тұрақты түрде, жүйелі жүзеге асқаны жөн. Шыңдап қолға алса, «ел іші – өнер кеніші» деген, ел арасында өнерлі жастар бар.



Соларды тартар едік. Ақындықты бір мұғалімнің мойнына артып қоюға болмайды. Бұл баршамызға керек іс. Бір мектептен үш бала шықса да бізге олжа. Бұл мәселені басқару жүйесі мықтап қолға алып, осындай сыныптарды көптеп ашу керек.

Біздің өңірде ұлттық өнерге қатысты өтетін байқаулар саусақпен санарлық. Н.Наушабайұлының жыр-термелерін насихаттап жүрміз. Оған қосымша термешілер, жыршылар, дәстүрлі ән байқаулары өтсе қандай тамаша, осы жыршы-термешілердің, дәстүрлі ән мектебін ашуға болады. Себебі әр өңірдің мақамы басқа. Осы ұмыт болмас үшін жастарға үйрететін керек. Мысалы, Қыдырбек Қиысхан, Манапбектер дайын тұрған ұстаз, соларға неге үйрететін мектеп ашып бермейміз. Сонда ғана ел ішінде өсіп келе жатқан таланттарды көрер едік, оларға бағыт беріп, жетелер едік. Анда-санда бір байқау өткізіп, ол өтер шақта кім қатысар екен деп жер-көктен іздей бастаймыз да сонымен шектеліп қаламыз. Өнерді дамытқымыз келсе, бойында тарыдай ғана дәні бар өнерпаздарды тәрбиелеп шығарған жөн. Өнерді аялап, іздену керек. Неліктен кезінде Затаевич бар қазақтың даласын ерінбей шарлап, зерттеп шықты. Сондықтан мұны қолға алмаса басшыларға сын.

**–Сіздің балалық шағыңыздың наурыз тойы қалай өтуші еді...**

–Менің балалық шағымда Наурыз мерекесін қазіргідей тойламайтынбыз. Бірақ өзінше бір жыллулық болатын.

Мал төлдеп, уыз ішіп, кісі келіп, көрісіп, жақсы тілектер айтылатын. Наурыз емес, ұзын сары дейтін. Бар сақтағанын қазанға салатын. Қазір ойлап отырсам, сол кезде Наурыз деп айтуға тыйым салған да шығар. Даңғырлатып би билеп, ән салмаса да дастарқан молынан жайылып, ағайын-туыс қауқылдасып отыратын мерекені көрдім. Қыста туған балаларға көбендік атап жататын. Күннің ұзарғанын, жаңа жылдың келгенін осылай атап өтетін. Егемендік алмай тұрған 90-шы жылы қалада наурыз айтыс болған. Сонда марқұм жамбылдық Серік Қалиевпен айтысып, осы наурыз мерекесін, тіл, діл жайын айтқан болатынмын. Қазір шүкір, Наурыз жылдан-жылға қанатын жайып келе жатыр. Халық та үйреніп, бойға сіңірді.

Төл мерекелеріміз төрге шығып, енді көрісу де айтылып жатыр. Оның бәрі де жастарға тағылым.

Өзім Наурыз көжені тек мерекеде ғана емес, ет асқан сайын жасаймын. Еттің сорпасын төкпей оған бар дәмдіні салып, қыс бойы ішіп шығамыз.

**–Тағылымды әңгіменізге рахмет. Көңіліңіз көктемдей құлпыра берсін.**

## НАУРЫЗ

Нұр сәулемен реңі кіріп бөктердің,  
Мейірленіп көктен шуақ төккен күн.  
Әз Наурыз қақты келіп есікті –  
Мерекесі келді міне көктемнің.

Шаттансын ел, қане, жұртым, қаумала,  
Алаш аман, келсін әркім тәубаға.  
Наурыз әкеп тайқазанға ырысты,  
Астық толсын берекелі қамбаға.

Өріс малды, тостағанға ақ толсын,  
Бірлік берік, көңіліміз шат болсын.  
Шаңыраққа ұя салып ынтымақ,  
Қазағыма мызғымайтын бақ қонсын.

Шарықтасын арман биік асқақ үн,  
Ұлағатты ұрпақ болсын жастарым.  
Бейбіт күннің тербетіліп бесігі,  
Ашық болсын ала бұлтсыз аспаным.

Жайнасыншы дархан пейіл дала бұл,  
Шешек атсын хош иісті лалагүл  
Қош келіпсің, ұлу жылы, еліме  
Берекеңмен төрле, Наурыз Жаңа жыл!





## НАШ ЕДИНСТВЕННЫЙ ДОМ

Нам бабуля в детстве твердила,  
Мол, помните, детки, о том,  
Как трудно когда-то нам было  
В далеком тридцать седьмом.

Тогда было смутное время,  
Но помнят о том старики.  
Досталось тяжелое бремя -  
Шпионам то было с руки.

Они растворялись в народе,  
Искали повсюду врага.  
Стучать было вроде как в моде  
На стреме Иуды нога.

Бывало, что днем улыбались,  
А ночью - врагу не желать.  
Соседи не очень стеснялись  
Донос на соседа писать.

То было лишь только начало  
Позорных в истории дней.  
Трагически жизнь увенчалась  
Ни в чем не повинных людей.

Как дали лишь сутки на сборы  
В Хабаровске, помним, весной.  
Какие еще разговоры,  
Решалось одной стороной.

Весь люд загоняли в вагоны.  
Доселе возили в нем скот.  
Куда же смотрели законы?  
За что же страдал наш народ?

Спросить было легче у Бога  
Под стуки железных колес.  
Вела в неизвестность дорога,  
Полистая множеством слез.

И бабушка вдруг замолчала.  
Прижала ладони к вискам,  
Потом головой покачала.  
Вдруг холод прошелся по нам.

Вот дальше она вспоминает  
Тот долгий, мучительный путь.  
Провизии так не хватает.  
Хотят дети есть что-нибудь.

Солдат, что Иваном назвался,  
Смотреть равнодушно не мог.  
С улыбкой с тушенкой расстался,  
Отдав свой солдатский паек.

Вот мы наконец в Казахстане,  
Наш поезд прибыл в Кустанай.  
Нас расселили в Красном Партизане  
Как дальше - лишь только гадай.

И все же напрасны были страхи.  
Кто мог - одеждой, кто - едой.  
Как братьев встречали казахи,  
Делясь последним порой.

Такое надо помнить, дети.  
И детям своим передать.  
Пока живешь на белом свете,  
Добро вовек не забывать.

И вот бабуля, завершая,  
Гордо сказала лишь о том:  
- Нам Казахстан - страна родная,  
Второй и единственный дом.

*Федор Мин*



## Завещание Ким Су-най

Это стихотворение житель Костаная Федор Микович Мин написал со слов бабушки Ким Су-най к 70-летию депортации корейцев. Она рассказывала внукам о том, как они попали в Казахстан и что им довелось пережить, чтобы помнили, благодаря чему предки выжили в те смутные голодные и холодные 30-е годы прошлого столетия. В любой ситуации, повторяла она, нужно оставаться человеком, помогать обездоленным и нуждающимся. Эти качества людей тогда спасли многих от смерти. В августе 1937 года были подписаны постановления Совнаркома и ЦК ВКП(б) о выселении корейцев из пограничных районов Дальневосточного края. Таким образом пресекали японский шпионаж в ДВК. Корея была в то время частью Японской империи. А японские войска в 37-м вторглись в Китай. «Никто ничего не объяснял. На сборы дали сутки. Разрешили брать с собой имущество, инвентарь и живность. Что успели, то и прихватили. Путь в Казахстан был долгим.

Провизии было мало, растягивали как могли. Русский язык корейцы тогда не знали. Чтобы что-нибудь попросить или спросить, объясняли жестами или как малыши, например, яйцо называли ко-ко. От холода, голода и болезней умирали маленькие дети и старики. Трупы приходилось просто оставлять по пути в степи. Времени копать могилы не было. Зрелище было жутким», - вспоминала 37-й год бабушка Федора Миковича - Су-най и мама Раиса Денбоновна Ли. Раисе тогда было 12 лет и она тоже запомнила тот год. У супругов Ли Ден-бон и Ким Су-най было четверо детей, все девочки. Семья попала в Кустанайскую область, Тарановский район. Здесь их приютила чета Исмагуловых.



У Исмагуловых была двухкомнатная землянка. Одну комнату они отдали семье Ли Ден-бона. Через год, в 1938 году, Ден-бон и Су-най переехали в Рязановку, Кустанайского района, где глава семьи уже работал директором универмага. В 1939 году Ли Ден-бон перебрался жить в Тургай. Там работал бухгалтером, главным бухгалтером и почти два года председателем колхоза «Мирный». Будучи председателем колхоза, помогал голодным семьям фронтовиков провизией. Передавал суповые наборы из свиных голов, копыт и хвостов. В конце 1941 года его сняли с должности за двоеженство по доносу. Затем Ден-бон с семьей переехал в Наурзум, где устроился рыбаком в рыбную артель Наурзумского заповедника. Тогда начальником артели был Мин Ми-ик, который позже женился на одной из дочерей Ден-бона - Раисе.

Так семьи Мин и Ли породнились. Тесть позже уволился с рыбной артели и открыл свое собственное дело - овощеводческую бригаду.

После войны он участвовал в восстановлении хозяйства в Кустанае, а потом и в Аркалыке. Несколько лет жил в Кушмуруне. Последние годы жизни провёл в совхозе Титово, что неподалеку от Аркалыка.

Что касается отца Федора Мина, то он вместе со своими братьями тоже был депортирован в Казахстан. Только их распределили в разные регионы: Мин Мен-ги - в Алма-Атинскую область, Мин Мен-дюн - в Уральск, Мин Ми-ик попал в Кустанайскую область.

Династия Мин известна среди корейцев целительскими способностями. Старший брат Мен-ги врачеванием занимался всю свою жизнь. Отец Федора Мина - Ми-ик тоже обладал даром исцеления. До депортации он семь лет учился в буддийском монастыре Шаолинь. Как известно, это центр, где обучают не только техникам боевого искусства, но и искусству врачевания и поддержанию физического здоровья. Мин Мен-дюн жил в Уральске и работал на военном заводе токарем. В Казахстане все братья обзавелись семьями и прожили в тех же регионах, куда и были депортированы. Мин Ми-ик и Раиса Денбоновна воспитали шестерых детей. Еще четверо умерли, будучи младенцами. Супруги жили в Тургае, потом в Наурзуме.



*Ким Су-най*

В годы войны Мин Ми-ик работал бригадиром в рыбной артели в Наурзумском заповеднике. Наурзум снабжал рыбой перерабатывающие заводы Челябинска и Екатеринбурга, а уже готовые консервы - на фронт. После войны, в конце сороковых, семья Мин из Наурзума переехала в Мендыкаринский район, а потом в Кушмурун. «Здесь отец занялся врачеванием.

У него были серебряные и золотые иголки и старинная книга с китайскими иероглифами. По всей видимости, в ней были записаны методы лечения. После войны нуждающихся в его помощи было много. Денег с пациентов он не брал. Мама Раиса Денбоновна тоже была одаренным человеком. В молодости она участвовала даже в айтысе акынов и занимала первые места. Казахский язык знала как свой родной.

Ее любимой песней была «Қамажай». На день рождения мы всегда заказывали эту песню ей в подарок на радио или телевидение», - рассказывает сын Федор Мин.



И бабушка Су-най, и мама Раиса Денбоновна уже давно покинули этот мир. Но их слова в семье Мин все помнят и знают. Бабушка часто повторяла: «По дороге в Казахстан мы выжили благодаря солдатам, которые охраняли вагоны с депортированными. Они отдавали нам свой паек: тушенку, яйцо, хлеб. А в Казахстане казахи делились последним. Не забывайте об этом вы, и своим детям расскажите».

## Когда цвели пионы

«Нас депортировали в Казахстан, когда в Житомире цвели пионы», - рассказывали свою историю жизни бабушка жительницы Костаная Людмилы Михайловны Седовой Мария Павловна и мама Мальвина Николаевна Янковские.

Весной 1936 года Советской властью было принято постановление о выселении так называемых «неблагонадёжных элементов» из числа поляков и немцев из западных приграничных районов СССР в Казахскую ССР.



*Мальвина Николаевна Янковская*

Переселяемый контингент, как было указано в документе, не ограничивается в гражданских правах и имеет право передвижения в пределах административного района расселения, но не имеет права выезда из мест поселений.

Пани Мария Янковская была многодетной мамой. В тот год одна из ее дочерей вышла замуж за украинца и благодаря этому избежала принудительного переселения. Она единственная из семьи Янковских осталась жить на родине, в Волынском районе, Житомирской области. Старший сын Марии Павловны работал в Волынской школе директором. О том, что поляков и немцев будут выселять, он узнал раньше всех и сам выбрал место для жизни. Переехал в город Алма-Ату и устроился на работу в школу. Отец и мать с остальными детьми были депортированы в Казахстан чуть позже. Маме Людмилы Седовой - Мальвине тогда было 13 лет, самому младшему Янковскому было три. Их семья до Казахстана доехала в полном составе. Чудом все уцелели. 13-летняя дочка Мальвина запомнила, что ехали они до назначенного места целый месяц. Ковыльные степи они вначале приняли за безбрежные озера и очень напугались. Как, мол, жить в воде. Позже, когда жизнь наладилась, ковыль уже занимал место в вазе на столе. Привезли депортированных вначале в Атбасар, потом в Жалтыр Астраханского района Акмолинской области. В Жалтыре на подводах развезли всех по точкам. 13-я точка Карлага стала пристанищем Янковских. Всем было наказано построить себе жилье до зимы. Деваться было некуда. Засучив рукава, переселенцы начали строить саманные землянки. Первая зима в казахстанских степях запомнилась им на всю жизнь. Не все успели построить жилье, поэтому в первый год в одной комнате жили по две, а то и три семьи. Печи топили камышом, но было все равно холодно. Детей отогревали в остывших печах. Но в ту зиму от холода, болезней и голода многие, особенно маленькие дети, умерли. Немцы, как вспоминала еще бабушка Людмилы Седовой, привезли с собой семена зелени, овощей и быстрее других адаптировались на новом месте. Чтобы как-то прокормиться, все обменивали свое имущество на овес и сухари. Так Мария Павловна обменяла свой платок на ведро овса, и это спасло семью от голода. На противоположном берегу Ишима жили казахи. Они помогали устроиться, делились куском хлеба. В последующие годы, следуя советам коренного населения, семья Янковских, как и многие другие, запасалась хлебом впрок. Ведь никто не знал, откуда может прийти снова беда и что их ждет впереди. А впереди ждало еще испытание войной. После войны постепенно жизнь наладилась. Дети Николая Степановича и Марии Павловны Янковских выросли.

Кто-то остался жить в Акмолинской области, кто-то переехал в другой регион. Дочь Мальвины Николаевны - Людмила вышла замуж за костанайца, молодого композитора Геннадия Дмитриевича Седова, семья которого приехала в Казахстан на освоение целины. В село Лозовое, что построено на месте 13-й точки Карлага, где Янковские начинали свою жизнь в Казахстане, их дети и внуки ездят ежегодно, так как там похоронены предки. История жизни дедушки Николая Степановича и бабушки Марии Павловны Янковских каждому члену семьи служит важным напоминанием о силе семейных уз, о возможности человека приспособиваться к любым переменам. А также о том, что трудности можно пережить благодаря выносливости и взаимопомощи.



## День благодарности - в память о прошлом

Переселенческая политика Российской империи, крестьянское переселение периода сталинских реформ в начале века, переселение раскулаченных крестьян, депортации в 1937–1944 годах, а также волна переселенцев во время освоения целинных земель в 1950-е годы - все это сделало Казахстан домом для миллионов людей, прибывших сюда из разных уголков СССР. Депортированы были целые народы. В те годы насильственному переселению подверглись корейцы, немцы, поляки, финны, карачаевцы, калмыки, чеченцы, ингуши, балкарцы, крымские татары, турки-месхетинцы. В большинстве случаев их направляли в малонаселенные и отдаленные районы Сибири, Казахстана и Центральной Азии. Все эти люди, будь то добровольно или принудительно прибывшие в Казахстан, нашли здесь приют благодаря гостеприимству и культурным обычаям местного населения.

Сегодня в Казахстане проживают представители 130 этносов, исповедующие 17 религий. Отражением вышеназванных политических событий, сложных исторических перипетий, которые пережила страна за последнее столетие, стал День благодарности. Этот праздник был учрежден в 2016 году 1 марта, в год двадцатилетнего юбилея со дня основания Ассамблеи народа Казахстана. Государственная политика Республики Казахстан направлена на то, чтобы представители всех этносов и религиозных групп жили в мире и согласии, уважая друг друга и свои традиции.

День благодарности призывает к выражению благодарности и признательности друг другу, казахскому народу за добрые дела, терпимость, гостеприимство и помощь. Этот день стал символом дружбы, единства и согласия в нашей многонациональной стране, где каждый имеет право на свое место под солнцем, и где благодарность и признательность выражаются не только словами, но и делами. Поэтому первый день весны вот уже несколько лет для казахстанцев начинается со слова «спасибо».



*Супруги Седовы*



## ДЕНЬ ВСТРЕЧ

14 марта - 73-й день года (74-й в високосные годы) по григорианскому календарю. До конца года остаётся 292 дня. В этот день казахи издревле друг друга поздравляли с благополучно пережитой зимой и наступлением весны. А называли они этот день *Көрісу күні* - день встреч, или *Амал мейрамы*. Амал символизирует начало весны, возрождение, обновление, какое-либо изменение в природе.

Зимы в казахстанских степях всегда суровые и пережить их было нелегко. Особенно тяжело было сохранить живой и здоровой скотину, так как добывать корм в зимнюю стужу, с буранами было непросто. Для зимовок, конечно, выбирали места преимущественно возле рек и озер, где был камыш и кустарник, которые служили кормом для скота и защищали от снежных бурь и холода. Скотоводство для кочевника, как известно, было основным занятием, а скот - главным богатством, который использовался как транспортное средство,

в качестве пищи и материала для одежды, а также был средством обмена на необходимые предметы быта. Поэтому казахи, когда приветствовали друг друга, в первую очередь всегда спрашивали: «Здоров ли твой скот и семья?» - «Мал-жан аман ба?» Этот приветственный вопрос задают и сейчас друг другу жители сельской местности.

Утром 14 марта каждый степняк в первую очередь благодарил Всевышнего за то, что благополучно дожил до весны. Ездил из аула в аул к родственникам и знакомым с пожеланиями долгой и счастливой жизни: «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!». В первую очередь в этот день они посещали дома, где живут аксакалы аула, чтобы поздравить и получить бата - благословение. Также все старались помочь нуждающимся, отпустить обиды. Приход весны был настоящим праздником. Накануне наводили порядок в юрте, доставали праздничную одежду, варили запасы мяса, пекли баурсаки, семь лепешек, чтобы помянуть усопших, накрывали дастархан и ждали гостей. Наступление весны казахи встречали восторженно, наконец можно будет готовиться к откочевке на весенние пастбища, чтобы отощавший за зиму скот набрал вес и принес приплод. Амал мейрамы раньше, как рассказывают этнографы, отмечали все регионы страны. Но начиная с 30-х годов по известным причинам об этом празднике стали забывать. В советское время традицию продолжали соблюдать в западном регионе страны. В Костанайской области, по словам ветерана войны, ветерана журналистики, акына Касымхана Алдабергена, в то время никаких празднеств по случаю не устраивали. Люди жили более чем скромно. Да и весна в наши края приходит позже. Активное солнце и таяние снега, конечно, радовали каждого жителя. Становилось теплее и соответственно светлее на душе. Из детства аксакал помнит, что бабушки и мамы доставали из закровов запасы. Варили вяленую конину, все собирались за дастарханом, пили наивкуснейший бульон, ели курт, горячие лепешки и пили ароматный чай с тары. В современном Казахстане традиция празднования *Көрісу күні* или *Амал мейрамы* возродилась и стала повсеместной. Предвестник Наурыза празднуют также казахи российских Астраханской, Саратовской, Самарской, Оренбургской областей. Несмотря на период забвения, эта культурная практика снова стала частью национального наследия.



## НАУРЫЗДЫ БИМЕН ӘРЛЕГЕН



Қостанай қаласында V халықаралық «Наурыз достарын шақырады» хореографиялық өнер фестивалі басталды. Би байқауының облыс үшін маңызы зор, мақсаты да биік. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Шәміл Фахрутдинов әу баста осы фестивальді қолға алғанда би өнерін дамытып қана қоймай, ұлтаралық қатынас мәдениеттерін дамытуды, бейбітшілік пен достық мерекесі Наурыз нақышын би тілімен бедерлеуді және қазақтың ұлттық биін насихаттауды көздеген еді. Осы мақсат орындалды деуге болады. Осы жылдар ішінде халықаралық фестивальге Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан мен көрші Ресей елінен қаншама би ұжымы қатысып, білгендерін байытты. Қазақстан өңірлері мен шет ел ұжымдарының арасында шығармашылық байланыс орнады. Балалар мен жасөспірімдердің хореографиялық шығармашылығына қолдау көрсетіліп, насихатталып келеді.

Бұл жолы да қалыптасқан дәстүр бойынша екі күн бойы қостанайлық көрермен би өнерін тамашалап, рухани демалды. Фестивальдің ашылуында облыс әкімінің орынбасары Ринат Мұхаметқали сөз сөйлеп, барша қатысушыларға сәттілік тіледі.

–Наурыз мерекесі қарсаңында осындай мәдени кештің өтуі де тегін емес. Өнер барша ұлтқа ортақ. Осы сахнада мыңдаған биші түрлі би билеп, өнер көрсетті. Оның қай-қайсысы болмасын әр халықтың болмысынан сыр шертеді. Мерекеден мерекеге аман есен жетейік, - деді облыс әкімінің орынбасары.

Фестивальге Қырғызстан (Бішкек қ.), Өзбекстан (Ташкент қ.), Башқұртстан РФ (Стерлитамак қ.), Татарстан РФ (Қазан қ.), Челябині РФ, Қазақстан және Қостанай облыстарының балалар-жасөспірімдер хореографиялық би ұжымдары қатысып, өз ұлтының лебізін бимен жеткізіп, көңіл күй сыйлады.

Фестивальдің жабылуында облыстық мәдениет басқармасының басшысы Құралбек Атамұратов барша өнер ұжымдарын марапаттап, осындай би кешін ұйымдастырған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Шәміл Фахрутдиновқа алғысын білдірді.

–Фестивальдің Наурыз меркесі аясында өтуінің өзінде үлкен мән бар. Осындай кешті бізге жыл сайын тарту етіп жүрген Шәміл Фахрутдиновтың еңбегі зор. Ол кісіге айтар алығысымыз да зор. Биыл фестиваль бесінші рет өтіп, осы жылдар ішінде 80-нен астам би ұжымы келіп, өнер көрсетіпті, – дей келе басқарма басшысы барша би ұжымдарын марапаттады.

**«Өте керемет фестиваль»  
«Шаттық» би ансамблінің жетекшісі,  
Гүлбаршын Жапарқызы. Қырғызстан:**



«Наурызбен тұспа тұс келген фестивальдің мақсаты — түркі халықтарының ұлттық мәдениеттерін жаңғырту, сақтау, дамыту және халықаралық ынтымақтастықты нығайту. Біз осындай мерекеде Қостанай жеріне келгенімізге қуаныштымыз. Алғаш рет келіп отырмыз. Екі педагог 16 баланы алып келдік. Бұрын да осы фестиваль туралы естіп, келсек деп жоспарлап жүрген едік. Сәті осы жолы түсті. Өте тамаша қала, ұйымдастырушылар да тыным таппай, бәрін рет-ретімен ойластырып қойған. Оның бәрі де үлкен еңбек екені белгілі. Баршаға алғыс айтамын».

## Праздник народного танца

Каждый из участников фестиваля хореографического искусства «Наурыз достарын шақырады» стремился через танец показать историю народа, его самобытность и культуру. Коллектив «Жемчужина» из Узбекистана участвует в этом фестивале ежегодно. И каждый раз привозит новые постановки.

**Художественный руководитель ансамбля «Жемчужина» из Узбекистана Светлана Касаткина:**

- Если в прошлом году мы представили зажигательный хорезмский танец лазги, то в этом году великолепное поурри из национальных узбекских фильмов о весне, обновлении и возрождении, а также стилизованный сурханский танец. Это танец наездников, о традиционном занятии кочевников. Каждый год мы приезжаем сюда с большим удовольствием, знакомимся с коллегами, дети со своими сверстниками из других стран. Делимся друг с другом танцевальными номерами. Время зря не теряем. Например, после концерта вечером коллектив из Башкортостана показал нам свой татарский танец. А они у нас взяли уроки андижанской польки.

Ансамбль танца «Ералаш» из Челябинска в этом фестивале участвует третий год. Коллектив привез на фестиваль три русских народных танца: уличную плясовую «По жердочке», постановку, разработанную на основе фольклора Челябинской области, пляску Архангельской губернии «Мезенские тетерки», основанную на древней традиции выпекания пряников, которая бытовала на берегах реки Мезень, и пляску-игру на улице «Бочка».

**Художественный руководитель ансамбля «Ералаш» из г. Челябинска РФ Елена Фарладанская:**

- За каждой постановкой стоит огромный труд ансамбля и художественного руководителя. Ставить народные танцы - это большая ответственность.





Ведь необходимо передать историю, традицию, характер, менталитет, устои народа. Когда говорят, что народные танцы немодно сейчас, я всегда привожу слова великой Устиновой: народный танец - это традиция. И спасибо за этот фестиваль Шамилю Алексеевичу Фахрутдинову, за то, что уделяет большое внимание народным танцам. Хочется ему пожелать здоровья, сил и неиссякаемой энергии, и поздравить всех казахстанцев с праздником весны. Для нас участие в этом празднике большая удача. Это возможность увидеть столько народных танцев, показать свое творчество, познакомиться с единомышленниками.

Богатство и разнообразие народных танцев, красочных национальных костюмов, энергия, исходящая от каждого представленного номера, не оставили равнодушными зрителей. Они от души рукоплескали и восхищались!

**Киселева Инна Владимировна, преподаватель школы г. Костаная:**

- Это настоящий праздник! Я очень рада, что в этот праздничный день посетила фестиваль, зарядилась такой положительной энергией. Я педагог, и когда посещаю такие мероприятия, где выступают наши ученики, это вдвойне приятно. Коллективы все понравились. Особенно ансамбль из Узбекистана.

**Лаура Байтурина, жительница г. Костаная:**

- Я поклонница ансамбля танца «Карнавал». Что бы они не танцевали, мне все нравится! Спасибо хореографам и детям. Мне очень нравится этот фестиваль, так как через народный танец мы узнаем культуру народа. Мы по-другому воспринимаем соседей. У нас страна многонациональная. Этот фестиваль людей сближает, учит уважать традиции и культуру разных народов.

**Художественный руководитель фестиваля «Наурыз достарын шақырады» Шамиль Фахрутдинов:**

- Народные танцы возникли в глубокой древности. Они являются отражением истории того или иного народа. Необходимо сохранить то, что дошло до нас. Это и есть миссия фестиваля. Благо сегодня есть видеокамеры, смартфоны, чтобы все запечатлеть и оставить будущим поколениям, чтобы не растеряли и не забыли этот драгоценный дар предков.

В этом году коллективы привезли по несколько хореографических постановок, показали свое мастерство и красоту народного танца. Смогли мастерски передать зрителям на языке танца культуру, традиции и обычаи народов мира.





## ШАМИЛЬ ФАХРУТДИНОВ: «РАБОТА - СМЫСЛ МОЕЙ ЖИЗНИ»

*Любую проблему на свете можно решить танцуя.  
Джеймс Браун*

Основателя ансамбля танца «Карнавал» и хореографической школы Шамиля Алексеевича Фахрутдинова знает каждый костанаец. Его имя известно не только в Казахстане, но и далеко за пределами страны. Но не все знают его историю о начале пути в мире танца.

Хореография помогла Шамилю Алексеевичу решить важную проблему в 80-90-е годы - проблему трудных подростков, уберечь детей от пагубных привычек и заставить поверить в себя. В 1988 году он устроился работать заместителем директора по воспитательной работе в среднюю школу №2 г. Костаная. В то время в психолого-педагогической практике особое внимание уделялось работе с детьми с так называемым девиантным поведением, так как правоохранительные органы фиксировали увеличение роста детской преступности, наркомании и воровства. Во 2-й школе областного центра таких детей, впрочем, как и во всех школах, было немало. Ребята из этого списка и составили первый коллектив ансамбля танца «Карнавал». С тех пор прошло 36 лет. Теперь уже хореографическая школа «Карнавал» также базируется во 2-й школе Костаная и Шамиль Алексеевич Фахрутдинов является ее бессменным художественным руководителем и директором. Кроме того, сегодня в Костаная не проходит практически ни одно масштабное культурно-массовое мероприятие без его коллектива и его режиссерского сценария.

Он обладатель нескольких нагрудных знаков: «Отличник народного просвещения Казахской ССР», «Почетный работник образования РК», «Заслуженный деятель РК». Также Шамиль Алексеевич является почетным гражданином города Костаная. Наград у его ансамбля танца «Карнавал» и вовсе не сосчитать! Все это, как говорит основатель ансамбля, результат преданности к своему делу, труда и профессионализма. О любви к своему детищу, к творчеству и жизни мы поговорили во время подготовки к очередному мероприятию. Много за эти годы было интересного, впечатляющего, поучающего и, конечно, карнавального.

**- Шамиль Алексеевич, только прошел вокально-хореографический конкурс, уже к другому мероприятию готовитесь?**

- Так всегда! Теперь готовимся к празднику «Наурыз достарын шақырады». Это международный фестиваль хореографического искусства. Наше уникальное мероприятие, которое собирает друзей со всех регионов Казахстана и стран СНГ.

Мы проводим его ежегодно в марте, накануне или в дни празднования Наурыз мейрамы. Костанайцы и гости города знакомятся с национальными танцами разных народов. Пару лет во время пандемии этот фестиваль мы проводили онлайн. И тогда участие приняли порядка 50 коллективов из 10 стран СНГ. Народный танец - основа нравственного, духовного состояния людей. Современные танцы - это тоже хорошо, хотя считаю некоторые из них какой-то музыкальной эпилепсией. Мы тоже вынуждены их танцевать. Но возвращаться к истокам необходимо. Народная хореография, конечно, не для молодежи. Они ее не воспринимают. Но дети из нашего ансамбля никогда не задаются вопросом: зачем мы танцуем несовременные танцы?



Когда мы начинаем разучивать национальный танец, обязательно просвещаем детей, рассказываем об истории, значении движений, проводим обучающие семинары по истории национального танца, к нам приезжают доктора наук, известные хореографы. Например, мы работали с ученицей Шары Жиенкуловой - Ганикамал Бисеновой. Она основу давала детям у балетного станка. Приглашали народного артиста, балетмейстера Заурбека Молдагалиевича Райбаева, артиста балета Минтая Женельевича Глеубаева и еще ряд других мастеров. Мы тесно сотрудничаем с Государственным театром танца «Наз». Я благодарен за эту творческую дружбу руководителям ансамбля Еркебулану и Хадише Акимбаевым. Вот таким образом мы сохраняем творческий багаж мэтров этого искусства. К слову, в этом плане многим странам мало что удалось сохранить. Мы были в Чехии, Румынии, Венгрии. Их народные танцы очень куцые, кукольно-мелкие, видно, что позабыли, не развили. И выходим мы со своим народным танцем, в красивых колоритных национальных костюмах! Поистине величественно, завораживающе, каждое движение рассказывает о народе, традициях, характере, культуре. Сегодня в репертуаре школы «Карнавал» более 70 хореографических постановок и очень много народных танцев-этносов, проживающих на территории Казахстана. Репертуар растет, мы постоянно ищем тех хореографов, кто может нам еще что-то новое дать, научить учителей нашей школы. Я, как губка, впитываю все. Никак нельзя покрываться «плесенью». Это моя позиция в работе.

**- Шамиль Алексеевич, а каковы были ваши первые шаги в мире танца?**

- «Наш Шамиль, хоть и три годика, так хорошо танцует - залюбуешься!» - написала как-то мама письмо отцу. Он тогда ответил ей так: «Не дай бог быть ему танцором!». Как в воду глядел. Я окончил Кызылординский педагогический институт по специальности «учитель французского языка», думал стать актером. Учился на журфаке КазГУ, хотел стать журналистом, и с детства всегда увлекался танцами. В пединституте стал заниматься хореографией более профессионально. Потом работал в военном хореографическом ансамбле, на телевидении работал над созданием передачи «Приглашение к танцу». И в итоге работа с детьми, хореография стали основным видом деятельности.

**- Расскажите, как начинали. За эти годы столько детей выросло в «Карнавале», расскажите о первом составе.**

Меня назначили заместителем директора школы №2 г. Костаная. Старшеклассники этой школы и стали первыми танцорами ансамбля. Был список детей с 7-го по 9-й классы, состоящих на учете в милиции за воровство, драки, курение. Передо мной как заместителем директора по воспитательной работе стояла задача направить эту «шпану» в нужное русло. Мы готовились к 8 Марта. Я предложил мальчишкам сделать сюрприз учителям, выступить. Две недели готовились, разучивали песни, танцы, придумывали шуточные номера.




*Ансамбль «ШИШ» (Шамиль и Шамилята)*

-Программу назвали «ШИШ» - Шамиль и шамилята. И вот когда эти трудные подростки вышли на сцену, все ахнули. После концерта отношение окружающих к этим ребятам изменилось, они сами почувствовали свою значимость, и, конечно, дисциплина сразу стала меняться в лучшую сторону. Некоторым коллегам мой стиль, методы работы напомнили методы выдающегося педагога Антона Семеновича Макаренко - воспитание в коллективе, в игре и труде. Так называемые «трудные дети» стали интересоваться творчеством, приходили на репетиции, искали в комиссиях цветомузыку, колонки, мы вместе стали продумывать концертные костюмы, образы. Позже присоединились девчонки.

**- Когда ансамбль стал называться «Карнавалом»?**

**Вы сами назвали так коллектив?**





- Вот как девчонки пришли, коллектив стал расширяться, и пришла мысль, что нужно бы название дать ансамблю. Много было разных вариантов, но я открыл словарь Ожегова, и мне понравилось слово карнавал. Карнавал ассоциируется с праздником, хорошим настроением, маскарадом. Так и оставил. Создать не просто кружок при школе, а хореографический ансамбль - вот такая амбициозная была мысль у меня. Я благодарен всем, кто поддержал тогда инициативу: Вере Григорьевне Маковой - директору школы №2, отделу образования г. Костаная, управлению образования, городской администрации, городскому маслихату. К слову, поддержку властей я ощущал все время. Свою деятельность мы начали с благотворительных концертов. Костюмы шили сами на уроках труда, ткань сами покупали, преподавателей-хореографов не было, кабинет был крохотный, позже мы его завалили костюмами. Костанайский детский дом стал первой благотворительной сценой. Потом стали помогать спонсоры, меценаты. «Карнавал» стал участником разных благотворительных мероприятий. «Дети целины - детям Аральского моря», «Дети целины - детям Семипалатинска», «Дети целины - детям Зайсана», выступали в эпицентре землетрясения в селе Біржан, в санаториях Гомеля, Могилева, Минска, где проходили реабилитацию дети Чернобыля.



*Первый состав ансамбля «Карнавал»*

### **- Как дети воспринимали такие гастроли?**

- Каждая такая поездка зажигала в сердце юного танцора свечу доброты и сострадания. Не сомневаюсь, что в их душах что-то происходило и это «что-то» осталось в них на всю жизнь. Таких нравственных уроков у детей было немало. Запомнил на всю жизнь концерт в Доме престарелых в городе Рудном. После концерта к нам, к детям подходили забытые родственниками старики и рассказывали, что в Костаная у них живут родные дети, внуки, и спрашивали, не знаем ли мы их, не видели ли, просили передать привет... Мы с детьми потом разговаривали на эту тему. Невозможно забыть поездки в реабилитационные санатории, где лечились пострадавшие в Чернобыльской катастрофе. Там взрослые и дети жили как в изоляции, многие тоже кем-то забытые. Мы объехали всю Семипалатинскую область, доехали до родины Абая в рамках движения «Невада-Семипалатинск» по случаю закрытия Семипалатинского ядерного полигона. Мы выступали в холодных неотопливаемых залах в зимнюю стужу, и под открытым небом - в знойную жару. В Кызылорде помню, как администрация на питание ансамблю выделила консервы «Лосось в томате» и «Сайра в масле». Мы шутили: на первое - консервы, на второе - тоже они. После скудных перекусов ребята в ярких красивых костюмах, с улыбкой на лице выходили на сцену и устраивали зрителям праздник. Дети видели глаза зрителей, переживших беду, потерю близких, страдающих от неизлечимых болезней, и то, как во время концертов у них появлялась улыбка на лице. Зрители дарили нам аплодисменты, сладости, приготовленные своими руками, игрушки. Это было очень волнительно, у многих наворачивались слезы на глазах. Тогда юные артисты поняли, что не бывает чужого горя. Я благодарен каждому, кто был и сейчас работает в ансамбле, за самоотдачу, родителям за то, что доверяли и доверяют мне самое сокровенное - детей.

**- Какие моменты в вашей творческой деятельности приносят вам наибольшее удовлетворение?**

- Все! Работа с детьми, репетиции, концерты, знакомства и встречи с коллегами, организация массовых мероприятий. Работа - смысл моей жизни. Я люблю профессионалов, режиссуру! Я трудоголик. Трудолюбие мне перешло от родителей. И я им очень благодарен. Они научили работать без оглядки, рассчитывать только на себя. Я не люблю большие перерывы в работе. Согласен с Борисом Пастернаком:

«Цель творчества - самоотдача,  
А не шумиха, не успех...»

**- Кстати, о режиссуре. Шамиль Алексеевич, сегодня практически все масштабные мероприятия в области проходят под вашим чутким руководством. Как удается совмещать работу директора и художественного руководителя хореографической школы и режиссера культурно-массовых торжеств?**

- В работе важна целенаправленность и любовь к делу - и все можно успевать. В 2007 году я уже был учителем с большим стажем работы, руководителем ансамбля «Карнавал» и директором хореографической школы «Карнавал». Мы с командой объехали полмира. Параллельно я занимался постановкой больших массовых мероприятий. Моя работа уже была отмечена разными наградами, даже удостоился звания «Заслуженный деятель РК». И в это время я решил поступить в Челябинскую академию искусств на факультет театра, кино и телевидения, чтобы быть профессиональным режиссером. Мной двигало желание освоить новые высоты. Создание феерии праздника дается нелегко. Репетиции массовых сцен, отдельных фрагментов, работа со звуком, видео, со всей постановочной группой требуют сосредоточенности. Исключается право на ошибку. Я один на один с огромной массовкой. Во время репетиций по-разному бывает. Могу и «обжечь» Для меня главное, чтобы в эти часы мне не мешали. И тогда я могу свернуть горы.


**- Шамиль Алексеевич, спасибо большое за интересную беседу. Пусть творческое вдохновение не покидает вас! Крепкого здоровья вам и долголетия.**





## ТАРИХ ПЕН ТАНЫМ ТАМЫРШЫСЫ

Мәдени майдан – мәңгі тоқтамас күрес. Ол күресте олқы түссек, ұлттың ұпайы түгенделмейді, ұтыларымыз көп. Тәуелсіздігіміздің бастауында да ұлы қайраткерлеріміздің осы майдандағы жеңісі тұр. Шығыстанушы, ағартушы, жазушы Санжар Керімбай осылай дейді. Бүгінде «мәдени майдан» ұғымын ел көлемінде кеңінен насихат етіп жүр. Білімдар, ділмар тұлғаның Тобыл өңіріне ат шалдырғандағы негізгі миссиясы да сол. Ол Қостанайдағы Жастар сарайында өткен қаламгердің «Өзбекәлі және мәдени майдан» кітабының таныстырылымында тағылымы терең әңгімелер қозғады. Кездесуге барған журналист Жандос Жүсіпбек әсерімен бөлісті.




Қазақ мәдениетінің қоламтасын үрлеп, ұлт руханиятын өрге сүйреген қастерлі тұлғалардың өлшеусіз еңбегін алаш жұртына паш етіп жүрген Санжар Керімбай елдің бірнеше аймағында келелі жиындар өткізіп келеді. Енді, міне, зияткердің рухани сапары Қостанай қаласында жалғасып отыр. Кездесулер Науырзым ауданында, облыстық кітапханада да өтті.

«Өзбекәлі және мәдени майдан» – Тобыл-Торғай өңіріне көп қатысы бар еңбек. Кітап қалың қазаққа аты мәшһүр тұлға, ұлт мәдениетінің жоқшысы, біздің өңірде қызмет етіп, құндылықтарымызды түгендеуге орасан зор үлес қосқан Өзбекәлі Жәнібековтің және мүдделес, рухтас зиялылардың қазаққа сіңірген қайраткерлігін баяндайды. Автор бұл еңбекті жазудағы мақсат-мұраты, оның жарық көруі жолындағы ізденістері, кітаптың мазмұны туралы кең көсіліп, тыңдарманды құнды мәліметтерден құлақдар етті. Өзінің айтуынша, Қазақстанның бірнеше өңірін аралай жүріп, көзкөргендермен жүздесіп, жер-жерден ақпарат жинап, оны жазып шығуына жеті ай уақыт жұмсаған. Үлкен экрандағы слайдтың көмегімен елдіктің, теңдіктің сақталып қалуына себепкер болған тағдыршешті оқиғаларды, қазыналы деректер мен дәйектерді жіпке тізді. Қазір кітаптың ерекше сұранысқа ие болып, қолдан-қолға жылдам тарап жатқанынан-ақ көп жайды аңғаруға болатындай.

«Бұл кітап әуелде 5 мың тиражбен жарық көрді. Ол айналдырған он күннің айналасында сатылып кетті. Кейін ізін суытпауға қам жасап, 5 мың данадан қайтадан бастырып отырдық. Біз осы еңбектің таныстырылымымен сапарлап жүріп, бір айналып келгенімізде 30 мыңға жуық дана оқырман қолына тиіпті», – дейді автор.

Кездесу тізгінін ұстаған Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Абылай Маудановтың да сұрақтарына тұшымды жауап беріп, «мәдени майдан» деген ұғымның мәнісін тереңнен түсіндіріп берді.

«Шығармашылықтағы қадірлі бір ұстазым айтқандай, мәдени майдан деген бұрынғыдай атыс-шабыс емес, ол тиімсіз тәсілге айналғалы қашан, айғай-шуы, сұрауы көп. Ал адамды мәдени «өлтіріп» тастайтын болсаң, одан артық ештеңенің керегі жоқ.



Туған тарихынан, мәдениетінен айырып, оны қуыскеуде ауруына шалдықтырып, миының бәрін шайып тастайтын болса, сол жеткілікті, оны өлтірудің қажеті де болмайды. Ондай адам өзін билеп-төстеп, қанын сорып отырған қанаушының құлақкесті құлына айналғанына разы болып, соның қол астында қызмет еткенін абырой көріп жүре береді. Ұлтымызды осындай нәубеттен сақтап қалудың қамын ойлаған қайраткер тұлғаларымызға бас июіміз керек. Ал бұл күрес ешқашан тоқтап қалмауға тиіс», – дейді ол.

Ол ұлылар сабақтастығы туралы ой қозғағанда ұлттық жадының жойылуына жойқын қауіп төндірген тарихи трагедияларды тізбелеп, осы ықтимал апаттан мәдени майдандағы қабырғалы қайраткерлердің жанкештілігі ғана құтқарып қалғанын сөз етті.

«Ашаршылық тарихи тізбекті үзген алапат нәубет еді. Қырғынға ұшыраған толқын-толқын қазақтың көкірегінде қаншама мәдени құндылықтар, көзі ашылмаған бұлақтар, рухани қазына-кендер кетті. Бұл, сөзсіз, мәдени майданда ұлтты жеңіліске ұшыратқан алғашқы да негізгі ауыр соққы болды. Соның салдары қазақ қоғамын мәдени қабілетсіз халге түсірді. Сол кезде тарихи әділдікті қалыптастыруға сахнаға кесек тұлғалар шықты. Басы Сәтбаев пен Әуезовтен, оған материалдық демеу берген Ілияс Омаров, Темірбек Жүргеновтермен басталып, Өзбекәлілер жалғаған ұлылардың алтын жұлгесі қалыптасты. Олар қазақтың рухын оятамыз, өрге сүйрейміз деп жанқиярлықпен еңбек етті. Ең ұлы серпіліс – нәубеттен соң үш жылдан кейін «қазақтар енді есін жыя алмайды, ел болудан қалды» деген мазақ сөз ашықтан-ашық айтыла бастағанда, Жүргенов бас болып, бұл жаланы жоққа шығаруға күш жұмылдырды емес пе! Қазақ ішінен іріктеліп алынған 300 шақты өнерпаз Ресей сахнасында атой салып, таңғажайып өнерлерімен «ұлықтарды» еріксіз мойындатқан еді. Сол 1936 жылы еліміз «Қазақ АСР-ы» болып тұрған жерінен «Қазақ КСР-ы» деген жаңа мәртебе иеленді, яғни «автономиялы республика» статусынан арылды. Бұл еліміздің дербестік алуына жол ашқан ғаламат оқиға еді. Сондықтан қазіргі тәуелсіздігіміз – сол кездегі әртістеріміздің алып берген жеңісі», – дейді жазушы.

Ол жиі айтылатын «ұлттық код» та ұлылар бүгінгі ұрпаққа аманат етіп кеткен мәдениетімізде жатқанын айтты. Имунитетімізді жоюға бағытталған, соңғы 25 жылда етек жайған кері пропандалық күштердің мәдениет майданында шарасыз халге түсуімізге итермелеп жатқаны туралы да ой толғады. Спикердің негізгі айтар ойы – ұрпақтың атабабадан мирасқа қалған рухани-мәдени құндылықтарды сіңірмей өсуіне жол бермеу, ғылым тілінде айтылатын «экзистенциялық вакуум» кеселінен сақтандыру.

«Адам санасы уақытты «кеше, бүгін, ертең» дейтін үш түрлі формацияда қабылдайды. Кеше не болғанын білмесең, болашаққа жоспар құра алмай, тұрған жеріңе байланып қаласың. Ондай халге түссе, адамның ішіп-жемді ғана білетін жануардан айырмасы қалмайды. Өткен шаққа қамалып, алға қарай шыға алмайтын болса, онда сана деңгейі орта ғасырда қалған діншіл, консерваторлар көбейеді. Ал тереңдегі тамырынан нәр тарта алмайтын, тарихын біржолата ұмытқан адам қоғамға қауіпті элементке айналып шыға келеді», – дейді зияткер.

Қалың көрермен шешіле сөйлеген шешен сөзін сілтідей ұйып отырып тыңдады. Әлбетте, осы жиынға басты себепші болған, кітапқа негізгі кейіпкер ретінде алынған Өзбекәлі Жәнібектің бөлек болмысы, ерен еңбегі жан-жақты әспеттелді.

«Өз-ағаның қазақ өнерінің атағын аспандатуға қаншама күш-қайрат жұмсағанын бір сөзбен айтып шығу мүмкін емес, – деп көсіле түсті ол. – Бір ғана би өнерін биікке шығарғанын айтайықшы. 1968 жылы ІХ жастар фестиваліне қазақтардан ешкімді алмай қойды. Тағы да сол «қазақтарға би өнері дарымаған, көшіп-қонғаннан басқа қолдарынан түк келмейді» деген әңгіме ашық айтылады. Осы кезде Өзбекәлінің қаны басына шауып, көкірегін ыза мен намыс буады. Шұғыл түрде жаппай би байқауын ұйымдастырып, көп қатысушының ішінен бір қазақ қызын алып шығады. Оны бастан-аяқ киіндіруге, барлық шығынына ақша аямайды. Ақырында сол қыз әлгі фестивальден 2-орын иеленеді. Кейін бишіміз Америкаға дейін барып, мұхиттың арғы жағындағы жұртты таңдай қақтырды. Ол бишінің аты Гүлжан Талпақова еді. Мәдени майдан жолындағы күрескерліктің хас үлгісін көрсеткен Өзбекәліге бұдан соң қалай қайран қалмайсыз?» .






Өнерпаздар демекші, кездесуді ұйымдастырушылар даярлап қойған тосынсый да бас мейманды бір қуантып тастағандай. Таныстырып отырған кітабында сөз болатын, Өзбекәлінің көзін көрген, кезінде алыс-жақын шетелге даңқы жайылған торғайлық өнер ұжымдарының мүшелері, танымал әртістер көрермендер арасынан табылды. Автордың өзі кітапта: «Өзбекәлі пенденің адами тіршілігін айшықтап тұратын ірі көрсеткіш – мәдени даму ісін шұғыл қолға алды. Ол келе сала «Торғай әуендері» фестивалінің жоспарын жазды. Бұл іс-шара 1971 жылы 20 маусымда Арқалықта өтті», – деген дерек келтірген еді. Кештің жүргізушісі аталған фестивальдің ең алғашқы жеңімпазы Рысты Ерденованы, әйгілі «Шертер» фольклорлық ансамблінің құрамында биші болған Дариға Құрманованы құрмет-қошеметпен орнынан тұрғызып, қаламгерге және дүйім жұртқа таныстырды.

Осы кездесуде тарих ғылымдарының докторы Аманжол Күзембай да сөз алып, рухани іс-шара туралы, Өзбекәлі жөнінде пікір білдірді. Облыстық Мәдениет басқармасының басшысы Құралбек Атамұратов Санжар Керімбайға тағылымды кездесуге арқау болғаны үшін алғыс айтып, облыс басшысы атынан сый-сияпат табыс етті.

Кездесуге келген көпшілік «Өзбекәлі және мәдени майдан» еңбегімен қоса, «Отбасы хрестоматиясы» сериясымен әр жылдары жарық көрген «Қуыскеуде», «Бейсен және болмыс», «Әлдиден эпосқа дейін», «Сыр сөз» сияқты көптеген кітаптарын ерекше қызығушылықпен сатып алып, автордың қолтаңбасын қойдыртып, естелік суреттерге түсті.

Іс-шара соңында Өзбекәлі Жәнібековтің тапсырмасы бойынша жазылған Шәмші Қалдаяқовтың «Арқалықтың ақ таңы» әнін көпшілік орындарынан тік тұрып, қосыла шырқады.



## ТОБЫЛ-ТОРҒАЙ ӨҢІРІ ӨНЕРДІҢ АЛТЫН ҰЯСЫ



Өнер жолын қуған бір бөлек, зерттеген одан да бөлек құбылыс. Кезінде Шоқан Уәлиханов, Ахмет Жұбанов, Александр Затаевичтердің салып кеткен сара жолы жалғасып келе жатқанына қуанасың. Дей тұрғанмен, Тобыл-Торғай өңірінің дәстүрлі музыкалық мәдениеті зерттеуден елеусіз қалғаны жасырын емес. Сол жайында жітіқаралық музыкатанушы, Құрманғазы атындағы консерваторияның магистранты Ермек Қазмұхамбетовпен әңгімелескен едік.

– Тобыл-Торғай өңірі, әсіресе, сіз өскен орта Жітіқара аумағы өмірге небір таланттарды әкелген орта. Сайын даласына құт дарып, қобыз үнімен үйлескен қасиетті алап. Өнер өлкесіне кездейсоқ келмеген боларсыз..?

– Дұрыс айтасыз. Милютин (Шандыкөл) ауылында нағашыларымның қолында өстім. Өнер жолына түсуіме сол ауылдағы атам мен әжемнің берген тәрбиесі түрткі болды деп айта аламын. Домбырадан алғашқы ұстазым – Маликаджарова Дина.

Ұстазымның жұмысына деген адалдығы, оқушыларға деген шынайлығы, әрдайым менің есімнен кетпейді. Домбыра үйірмесінде Құрманғазының «Балбырауын», «Адай», «Төремұрат», Дәулеткерейдің «Көроғлы», Сүгірдің «Шалқыма» күйлерін бір жарым жылда талаптанып меңгеріп алдым. Сөйтіп жүргенде республикаға аты мәлім дүлділ күйші Назымбек Молдахметов ауданымызға шеберлік сағатын өткізуге келген көрінеді. Қара шаңырақ – консерваториядағы мықты күйшілерден білім алған Назекеннің ерекше бір қасиеті болған – ол жастардың арасында таланттарды көру. Назымбек ағайымыз күй орындауымды көріп, өнеріме деген жақсы бағасын беріп, Рудный музыкалық колледжіне оқуға шақырады. Сенімін ақтауға тырысып бақтым. Облысымыздың оркестрі мен ансамблі осы кісінің арқасында талай жетістікке жетті. Көп ұзамай, Рудный қаласының музыкалық колледжіне Мұрат Хамитовтың сыныбына оқуға қабылдандым. Төрт жылдың ішінде домбыраның қыр-сырын меңгеріп, күй қоржыныма көптеген туындылар қосылды. Республикалық, халықаралық конкурстарда жүлделі болғаным Құрманғазы атындағы консерваторияға түсуге жол ашты. Оқуға грант алып, мәдениет саласының үздігі, елімізге белгілі домбырашы, күй танушы, өнер зерттеушісі Мұрат Әбуғазыдан тәлім алдым. Әрі қарай белгілі себептермен «Хасап» этнографиялық ансамбілінің жетекшісі, философия ғылымдарының докторы Ержан Ерболатұлы Жәнекеевтің ілімімен консерваторияны тәмамдадым.

– **Бәрекелді, осы оқуым келешек ғылым жолына арқау болды дейсіз ғой..?**

– Иә, дәл солай. Ғылымға деген қызығушылығым үшінші курстан бастап артты. Өзімді ғылым жолында көргім келді. Сондағы мазалайтын сұрақ – Тобыл-Торғай өңірінің домбыра дәстүрі. Оған себепкер болған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Карима Сахарбаева, Гүлфайруз Балманова апайларым. Ол кісілер менің төзімді, ізденімпаз екенімді алғашқы курстардан аңғарып келіпті. Кейін ғылым жолына түсуіме септігін де тигізді. «Тобыл-Торғай өңірі – тарихтың алтын ұясы. Бұл өлкеде талай күйшілер, жырау-әнші, бақсылар өмір сүрген. Оны ертеңгі ұрпақ біліп жүрулері керек. Зерттелмей жатқан сол істі қолға алсаңыз қайтеді?»





– деген ой тастады. Иә, ұстаздарымның бұлай айтуы заңды. Күйшілердің қатарындағы Қапақсал, Қарабас Көшейұлы, Нұрхан Ахметбеков, Ахметхан Әбіқаев, Айтбай Мұздаханов, Тоқтарбай Тұрсынов, Қасымхан Алдабергеновтердің өнер өлкесіндегі орны ерекше. Тобыл-Торғай өңірінің музыка дәстүрінің көп зерттелмеуіне түрлі себептер кедергі болған. Мәселен, Ресей империясының қамшысы біздің өңірімізге қатты тиді. Ашаршылық жылдарын айтпағанда, ұлт-азаттық көтерілісі, екінші дүниежүзілік соғыс жылдары ел үшін азапты да ауыр кезеңдер болды. Бұл мәселені өнердің ошағы Алматыдан біздің жақтың алыс болуымен де байланыстыра аламыз. Дегенмен, біздің өңірімізде ауызекі кәсіби дәстүр баршылық. Солардың мұрасын зерттейін, жырларын, әндерін, күйлерін насихаттайын деген ниетпен өз жұмысымды бастап отырған жайым бар.

**– «Жүргенге жөргем ілігеді» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Беймәлім дүниенің халыққа қажеттісін қалқып алып, жер бетіне шығару оңай нәрсе емес. Мұрағаттан табылмаған қазынаның ел аралап жоқшысы болуыңыз керекті..?**

– Сөзіңіз орынды, осы уақытқа дейін аймағымыздағы күйшілердің мұрасын, жыршылар жайлы ақпарат алу үшін үш бірдей этнографиялық экспедицияға шықтық. Ондағы басты қағида – олардың халық аузында жүрген ұлттық музыкасын жазып алу. Қазіргі кезде 30-ға жуық жаңа күйлер мұрағаттан табылып, нотаға түсіру жұмыстары жүріп жатыр. Өңіріміздің тағы бір ерекше саласы – қобыз өнері. Аты алты Алашқа жайылған Баубек Ескергенұлы деген бақсы ғұмыр кешкен, оның немересі Қазбек Әбеннов атасының музыкалық өнеріне еліктеп өскен екен. Биыл сол Қазбек Әбенновтің 110 жылдығы атап өтіледі. Осы тұста айта кетерлігі, 1937 жылы Алматыда үлкен музыканттардың сайысы болған екен. Онда Дина Нұрпейісова домбырадан бірінші орын алса, Ахметхан Әбіқаев екінші орын алған. Ал қобыздан бірінші орынды Қазбек Әбеннов иеленген. Ол атасы Баубектің жолын жалғастырып қана қоймай, өз күйлерін де шығарып қалдырып кеткен. «Сыбызғы», «Торғай толғауы» деген күйлері кейінгіге мұра болып қалды. Сосын домбырамен орындалатын «Сахара», «Жайлау», «Терісқақпай», «Жорға» деген күйлері табылып жатыр. Халық ақыны, жырау, күйші Нұрхан Ахметбековтің «Жеңіс» және «Июнь жарлығы» елде тартылады. Айтылған күйлердің тағы екі нұсқасы Алматының мұрағаттарынан табылды. Біріншісін мұрағаттан тауып, нотаға түсірдік. Соны алдағы шілдеде жеті мың домбырашы «Домбыра» күнінде орындағалы тұр.

**– Атадан балаға ауыз әдебиеті арқылы жалғасқан саз өнерінің кейінгі толқындарына қалай баға берер едіңіз?**

– Сұрағыңызға жауап бермес бұрын мына бір жайды айтпай кеткенім орынсыз болар. Республикада ең бірінші фольклорлық этнографиялық «Шертер» ансамблінің ашылуына Өзбекәлі Жәнібековтің ұсынысы түрткі болғанын білесіздер. Алматыдан Болат Сарыбаев өзінің көне аспаптары жетіген, сыбызғы, асатаяғын т.б. арқалап келіп, 1974 жылы «Шертер» ансамблін құрды. Бүгін, міне, ол оқиғаға да елу жыл өтті. «Ақжелең» ансамблінің де мерейтойы өтті. Айтып отырғаным, сол кейінгі толқынның ел мұрасына деген құрметінен туындаған ел мәдениетінің тарихи сәттері еді. Айтбай Мұздахановты бәріміз білеміз. Ерекше тұлға. Оның отыздан астам күйлері бар екенін көпшілік біле бермейді. Айтбай атамиз ән де шығарады. Жітіқара ауданында тұратын Тоқтарбай Тұрсынов та ән шығарумен айналысады, сондай-ақ бізге ол кісінің үш күйі белгілі. Оның күйлерін 2022 жылы жазып алғанбыз. Осы еңбегімді бағалап, Қасымхан Алдабергенов маған ақ батасын берген. Нұрханға арнаған «Нұрхан сазы» атты күйін аманаттап қалдырды. Бүгінде нотаға түсіріп, өзімнің репертуарымда орындауға бел будым. Ақмола облысының Қосшы деген қаласында тұратын Қайырғали Әбішев деген күйші бар. Қырықтан астам күйдің авторы. Шығармаларының қай-қайсысы болмасын, күрделі формада жазылған. Орындап шығу асқан шеберлікті талап етеді. Экспедицияда шығармаларын жазып алдым. Сонымен қатар Арқалықта туған Дәулеткерей Қиқымовтың күй шығармашылығы өнеріміз үшін өте құнды. Ол кісі де қазір Астанада тұрады. Бүгінде жүзден астам күйі бар. Рудный қаласында Сабыржан Тайфин деген домбырашы бар. Оның бес күйі белгілі. Күйлерінің көбі махаббат тақырыбына арналған. Анар Мұздаханова әке жолын жалғастырып, өзінің күйлерін де шығарады. Елімізде Бораш Әбенновтің есімі ерекше аталу керек. Үлкен өнер иесі, домбырада күй де шығарады. Ғазиз Бекзат деген сазгер Денисов ауданында тұрады. Оның да біраз күйлері белгілі болды.

**– Осы мұраларды зерттеу жолында жалғыз өзіңіз қалай үлгіресіз?**

– Көппен істеген шаруада береке бар. Әрине, мұның барлығына жалғыз өзімнің шамам жетпеген болар еді. Әр объектінің өз зерттеушілері бар. Өзара ортақ байланыс арқылы ізденіс жалғасып жатыр. Мәселен, өңірдің музыкалық мәдениетінің зерттеуімен айналысатын Аркалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының аға ғылыми қызметкері Батырлан Сағынтаев. Ол кісінің «Тобыл-Торғай әуені» атты кітабы шықты. Сонда күйлер, әндер жинағы аймағымыздың көптеген музыкалық мұрасы топтастырылған. Нұржан Наушабайұлының шығармашылығымен Құрманғазы консерваториясында Шолпан Тәткенова айналысқан. Шерхан Мұхамеджанов деген зерттеуші Айтбай Мұздаханов, Құтжан Қанжығалиннің шығармаларымен айналысты. Ал насихаттау жұмыстарына байланысты менің диссертациямның тақырыбы – «Тобыл-Торғай өңірінің XX-XXI ғасырдағы домбыра дәстүрі». Қазір өзім консерваторияның магистратурасында өнертану докторы, профессор Сәуле Өтеғалиевадан білім алып жатырмын. Тобыл-Торғайдың мұрасын киелі қара шаңырақтың сахнасына шығарамыз. Телевизиялық бағдарламаларда, радиоларда насихаттап келеміз. Оларды нотаға түсіріп, музыкалық талдау жасаймыз. Алматыда Тобыл-Торғай өңірінің музыкант студенттері көп. Оларға жинаған күйлерімді беремін. Жаттап, кейін концерттерге шығарады. Бір-екі күйден шетінен үйретіп қойдық. Кішігірім өңірімізге деген құрметіміз болсын деп тележобаларда көрсетеміз. Жастардың Тобыл-Торғай өңірінің музыка дәстүріне қызығушылығы оянды.

– Әңгімеңізге рақмет!

## «ЖЕТІКӨЛ» ОБЛЫСТА АЛҒАШ ҚҰРЫЛҒАН ОРКЕСТР



Жер бетіндегі әрбір халықтың ұлт болып қалыптасуының қайнар көзі тағылымға толы дәстүр-ғұрпы, салт-санасы, ұлттық мәдениетінен бастау алары сөзсіз. Ал қазақ руханиятының бір шыңында атадан балаға мирас болып, бүгінге жеткен халық аспаптық, ұлттық музыка өнері тұр. Ұлттық аспаптар арқылы халқымыздың сан алуан мәдениетін, асқан даралығын көрерменге паш етіп, танытып келе жатқан өнер ордалары аз емес.



Әуликөл аудандық мәдениет үйінің Батырбек Жүнісов атындағы «Жетікөл» халық ұлт аспаптар оркестрі ұлтымыздың төл өнері күй құдіретін насихаттауда тарих парақшасында жазылған өзіндік өнері, қолтаңбасы бар. Қазақ өнерін қастерлеген жерлесіміз Жүнісов Батырбек Жүнісұлының жетекшілігімен 1977 жылы негізі қаланған оркестр көркемөнерпаздар шығармашылығы аудан атағын әлі де биікке шығарып келеді. Қазақтың күй өнері – халқымыздың жан сыры, егер кеңірек айтсақ, бар болмысы, тарихы, тұрмысы, өмірі.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ішіндегі ең таңдаулы, ең терең сырлысы – күй» деген екен. Батырбек Жүнісовтің «Жетікөл» оркестріне сіңірген еңбегі ауыз толтыра айтуға тұрарлық. «Жетікөл» халық ұлт аспаптар оркестрі 1977 жылдың қыркүйек айында құрылды. Оны құрудағы басты мақсат – халқымыздың әкеден балаға, ағадан ініге етенеден бойға сіңген өнер дәстүрін бүгінгі ұрпаққа кеңінен таратып таныстыру. Батырбек Жүнісұлы басқарған ұжымды және оның өзін облыс, республика таныды, халық тік тұрып қарсы алатын болды. Алғысқа бөленді, елдің сүйіктісіне айналды. Сол кісі жетекшілік еткен жылдары төрт рет Алматыға барып концерт берген болатын. Бар ғұмырын музыкаға арнаған Батырбек Жүнісовтің есімі өзі құрған «Жетікөл» оркестріне берілді. Әуликөл ауданында оркестрдің құрылғанына 45 жыл толуына орай және ұжымның негізін қалаушы, дирижер, әнші, әрі домбырашы, сазгер, он саусағынан өнер тамған марқұм Батырбек Жүнісұлын еске алу кеші өткізілді.

Батырбек Жүнісұлы Торғай облысы, Амангелді ауданында туған. Кішкентайынан өнерге әуес болып өскен Батырбек үлкен ағасы Сәбитбектен домбыра үйреніп, мектептегі көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысады. Онда домбыра тартып, өлең айтады. Інісінің бойындағы өнерге деген құштарлығын, талабын байқаған ағасы оны 1958 жылы Жамбыл қаласындағы мәдени-ағарту училищесіне алып барады. Мұнда ұлт аспаптар бөлімінің бірінші курсына қабылданып, оны 1963 жылы қазақтың ұлт аспаптар оркестрінің дирижері деген мамандығы бойынша бітіреді. Жас маман жолдамамен Көкшетау облысына жіберіледі. Бес жыл өткен соң Қарағанды пединститутының музыка факультетіне түсіп, мектептегі ән-күй сабағының мұғалімі деген мамандығын алып шығады. Өнерлі жан 1976 жылы Әуликөл ауданына көшіп келіп, Қазанбасы орта мектебінде жұмыс істейді. Ол ауылда өнерлі адамдарды жинап, көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастырады. Арада бір жыл өткен соң Батырбек Жүнісұлының қабілетін байқаған сол кездегі аудан басшысы Қ.Шәмшиев аудандық мәдениет үйіне жұмысқа шақырады. Ондағы ойлары аудан орталығынан қазақ жастарын топтастырып, бір ансамбль құру еді. Сөйтіп, өнерпаз 1977 жылы 1 қыркүйектен бастап ауданның талантты деген өнер иелерін жинап, күн-түн демей, бар күш-жігерін салып еңбектеніп, құрамында отыз өнерпазы бар «Жетікөл» ұлт аспаптар оркестрін құрады. Бұл – Қостанай облысында бірінші болып құрылған оркестр. Өнерпаздар ұжымы ауданның совхоздары мен бөлімшелеріне, көршілес Науырзым ауданының елді мекендеріне, Торғай облысына концерттік сапармен барып, өнерлерін көрсетеді.

Бір жылдан кейін облыстық байқауда жүлделі орынды иеленді. Көркемдік жетекшісі Б.Жүнісовтің бар тәжірибесі мен білімін, күш-жігерін жұмсаған тынымсыз еңбегінің арқасында 1979 жылы 22 наурызда Қазақ ССР мәдениет министрлігі алқасының шешімімен ұлт аспаптар оркестріне «халықтық» ұлт аспаптар оркестрі деген құрметті атағы беріледі. Бұл ұжымның жер-жерге барып өнер көрсеткен тізімін журнал бетіне сыйғызу мүмкін емес.



Өнерлі жан Б.Жүнісовтің қажырлы еңбегі де елеусіз қалған жоқ, ол 1987 жылы Бүкілодақтық халық шығармашылығының лауреаты атанды, үш жылдан кейін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Өнерпаз – «Анашым», «Жетікөлдің гүлдері», «Торғайым» әндерінің авторы.

Қазіргі уақытта оркестр құрамында 38 адам бар. 2023 жылдан бастап оркестр жетекшісі әрі дирижері болып Ернар Әкімов бекітілді. Ол дәстүрлі музыка, классикалық туындылар шығармашылығына баса назар аударып, жұмыс атқарып жатыр. Қазір оркестрдің репертуарында 60-қа жуық туынды бар. Өнерпаздар ұжымы концерттік бағдарламадан бөлек, республикалық, облыстық байқауларға қатысып жүлделі орындарға ие болып жүр. Әр қазақ үшін бабадан қалған асыл мұрамыз – домбыраның қадірі алтынмен тең. Ұлттық аспапқа құрмет көрсету де қанға сіңген қасиет. Аудандық мәдениет үйіне сүбелі үлес қосып жүрген Батырбек Жүнісов атындағы «Жетікөл» халық ұлт аспаптар оркестрі өнер сахнасында жаңғыра бермек.

**Бәкең тірі болса биыл 80 жасқа толар еді...**

**Бақытжан апай,**

**Батырбек Жүнісовтің жұбайы:**

– Өзі 80-ге, құрған ансамбліне 45 жыл толып отыр. Бәкеңнің атын ансамбльге беруге атсалысқан Батырхан Ермұхамбетовке, көзкөрген жандарға және барлық өнерсүйер көрермендерге шын жүректен алғысымызды білдіреміз.

Бәкеңнің ұлдары Сырымбет пен Бейімбетте өнерден құр алақан емес. Бейімбет – облыстық филармонияның әншісі. Немересі Милана флейтада ойнайды.





## МАГИЯ СТРУН

Актер Костанайского областного казахского театра драмы Кабдул-Мажит Иманов всю жизнь посвятил двум творческим занятиям. Отыграв спектакль, он всегда торопится в свою импровизированную мастерскую, где делает домбры. В качестве мастерской он использует любое более-менее подходящее помещение, а иногда и свой дом. Сейчас мастер на заслуженном отдыхе, но продолжает заниматься творчеством. И работа на сцене, и сборка домбры - любимые занятия всей его жизни. Впервые домбру он увидел на концерте оркестра национальных инструментов в школьные годы, и с тех пор не перестает восхищаться ее чарующими звуками.



Как и все мальчишки, в разные годы он мечтал стать то геологом, то космонавтом, то архитектором. По мере взросления предпочтения менялись, но неизменным все время оставалась одна мечта - научиться играть на домбре. В ауле Западно-Казахстанской, в то время Уральской, области, где прошли его детство и юность, домбры ни у кого не было. Он все время просил отца купить инструмент, но родители так и не смогли исполнить его просьбу. Тогда он твердо решил, что купит сам, как только заработает первые деньги. Но в итоге не купил, а сам себе смастерил. По окончании школы он еще год помогал отцу пасти скотину. В поле, пока животные неспешно жевали траву, юный пастух пел, танцевал, вслух читал стихи Абая. А через год уехал в Алма-Ату поступать в вуз. Поскольку с детства любил читать книги, знал наизусть стихи выдающихся казахских поэтов, то решил поступать в пединститут имени Абая. Сдал экзамены и поступил. В то время далеко не каждый мог пройти конкурс в этот вуз. Кабдул-Мажиту это не составило труда. Однако, увидев объявление о том, что в Государственном профессионально-техническом училище г. Алма-Аты идет набор в мастерскую по изготовлению казахского национального инструмента домбры, он, не раздумывая, забрал документы из института и поступил в училище №46. И руководство, и преподаватели пединститута были в шоке, некоторые даже в недоумении крутили пальцем у виска. Как можно вуз променять на ПТУ?! Иманов никого не слушал и всем отвечал: «Я в любой институт поступлю, если посчитаю нужным». Он на самом деле поступил в вуз, но в другой, и только после того, как освоит технологию сборки домбры. В Алма-Ате он встретил свою судьбу и женился. Окончил ПТУ и устроился работать в мебельный цех, в котором один отдел занимался изготовлением национального инструмента. Здесь он и сделал себе первую домбру. Технология изготовления домбры, по словам Кабдул-Мажита Иманова, почти не изменилась. Раньше ее вырезали из цельного дерева, а сейчас все части по отдельности заготавливаются. Для корпуса, например, необходимо семь частей. Их нужно вымочить в воде, чтобы были гибкими и легко гнулись. Для струн сейчас используют леску, а раньше их мастерили из бараньих или козьих кишок. Композитор, музыковед, народный артист Казахской ССР Ахмед Жубанов когда-то пробовал использовать капрон и шелк, но предпочтение отдал все-же обычной рыболовной леске. Домбру лучше делать из клена. К слову, скрипка Страдивари тоже изготовлена из клена.

Но можно из дуба, бука или березы. От размера корпуса во многом зависит сила звучания. Внутри корпуса каждый мастер оставляет свой автограф. Каждый по-своему украшает инструмент. Словом, в ГПТУ №46 студент Иманов узнал практически все о любимом музыкальном инструменте. Так и работал бы мастером в мебельном цехе, но знакомство со студентами театрального факультета консерватории на студенческой вечеринке полностью изменило его жизнь. Одна из студенток консерватории (ныне Казахская Национальная академия искусств имени Т. Жургенова) была очарована Имановым, его актерскими, музыкальными данными, умением читать стихи, и спросила, почему, обладая такими способностями, он не поступает в консерваторию на театральный факультет. Кабдул-Мажит Иманов, недолго думая, сдал документы, месяц готовился к экзаменам, и поступил. Ему посчастливилось учиться актерскому мастерству у таких выдающихся актеров, как Хадиша Букеева, Нурмухан Жантурин. По окончании вуза в 1981 году по распределению Кабдул-Мажит Сундетович поехал работать в Гурьевский казахский драматический театр им. Махамбета Утемисова. В 1992 году его пригласили работать в Аркалык, где открылся первый казахский театр. А в 2000 году актер, также по приглашению, переехал в Костанай, работать в Областном казахском театре драмы им. И. Омарова, где по сей день и трудится.


Где бы ни жил актер и где бы ни работал, он параллельно всегда занимался изготовлением домбры. В Аркалыке, например, его всегда просили сделать инструмент для космонавтов. В последние годы среди клиентов - родители детей, посещающих кружки домбры.

- Этот факт радует. Все больше детей сегодня можно увидеть с домброй. Домбра - это душа народа, без слов расскажет о жизни, о радости или печали, о том, что волнует казаха. Лично я влюблен в наш национальный инструмент с тех пор, как впервые услышал ее звуки. Кюи Құрманғазы могу слушать бесконечно. С помощью кюя казахи раньше сообщали о начале праздника - это той бастар, о смерти - естірту. Есть обрядовые, концертные, бытовые виды, есть лирические, шуточные произведения. Это бесценное наследие предков. И я очень рад тому, что в нашей стране есть праздник, посвященный домбре. Национальный день домбры в первую очередь - это наша дань памяти создателям инструмента. Также этот праздник важен в целях сохранения казахской музыкальной культуры и преемственности культурных ценностей, - считает мастер.



**День домбры отмечается в нашей стране в первое воскресенье июля. Праздник был утвержден и официально внесен в календарь официальных дат в 2018 году. В этот день обычно проходят состязания акынов, музыкальные концерты и церемонии награждения лучших домбристов.**

**В Костанайской области в этом году Областной центр самодетельного народного творчества и киноvideofонда инициировал проведение челленджа среди домбристов. Старт челленджа состоится в г. Аркалыке, пройдет во всех районах и городах области, а завершится в Костанаяе.**






## ТОЛҒАНАЙДЫҢ ТОЛАҒАЙ БАСТАМАЛАРЫ

Толғанай Қостанай өңірінің тумасы. Мектеп қабырғасында оқып жүргенінен, домбыраға әуестеніп, кейін Меңдіқара мәдениет үйінде Бақытжан Сәуекеновтің ықпалымен құрылған «Домбыра сазы» ансамблінің мүшесі болды. Облыстық көркем-өнерпаздар байқауына қатыса жүріп, шығармашылығын шыңдады.

«Өнер жолында жетістіктерге жетуім – ең алдымен жақын адамдарымның қолдауы. Атам мен Әжем ұстаз болған кісілер. Олар – менің мотиваторым. Олардың жетістіктері мені шабыттандырды, жігерлендірді, рухтандырды. Сол кездерде ауыл-аймақтарға белгілі домбырашы, марқұм Назымбек Молдахметов келіп, тәжірибесімен бөлісетін, музыканттарды дайындайтын. Назымбек ағайдың өнерге деген құштарлығы, ұлттық құндылықтарға деген құрметі адамға рух беретін еді. Мектеп оқушысы болсам да, маған қанат бітіріп, домбыраға деген сүйіспеншілігімді арттырды. Болашақта сол кісідей мықты домбырашы болу мақсатыма айналды», – дейді Толғанай Хасен.

Өнер баспалдағын Алматы қаласындағы П.И.Чайковский атындағы музыкалық колледжде ұстазы, Раушан Сыбановадан тәлім алудан бастады. Құрманғазы атындағы ҚҰК, кейін консерваторияның магистратурасын шертпе күйдің шебері, өнер зерттеушісі, ғалым, профессор Біләл Ысқақовтың сыныбы бойынша тәмамдайды.

«Ғылыми бағыттағы ұстаздарым Айжан Бердібай, Сәуле Өтеғалиевадан білім алғанымды үнемі мақтанышпен айтып жүремін. Домбырадан бөлек, жетіген аспабын да «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің алғашқы жетігеншісі Қорлан Картенбаевадан меңгеріп, кейін күйші-композитор, мемлекет сыйлығының иегері Секен Тұрысбековтің ықпалымен жетіген аспабымен «Ақ жауын» оркестрінде қызмет атқардым. Секен ағайдың арқасында орындаушы ретінде жетігеннен мол тәжірибе жинап, аспапқа деген қызығушылығым артты. Қазіргі таңда домбыра мен осы жетігенді қатар алып жүрмін», – дейді өнерпаз.



## Онлайннан туған тың ой

Оқуды бітірген соң, пандемия кезіне тап болады. Жұмыс жоқ, шығармашылық тоқтап қалды.

«Үнемі ізденісте болдым. Әлеуметтік желіге кірсем, көптеген саладағы адамдар онлайн форматқа көшіп, кәсіптерін дамытып жатыр екен. Сол кезде маған «неге домбыраны онлайн үйретіп, көпшілікке насихаттамасқа?» деген ой келді.

Көпшілікке насихаттау мақсатында әлеуметтік желіде домбыра туралы пайдалы кеңестермен, лайфхактармен бөлісе бастадым. Аудиториям көбейіп, танымалдылығым да арта түсті. Кейін Dombura time онлайн курсына тек Қазақстаннан ғана емес АҚШ, Европа, Орта Азия елдерінен хабарласып, домбыра үйренген жандар көбейді. Пандемия аяқталған соң, Алматы қаласына келіп, «Dombura time» жобасын офлайн форматта жалғастырдым. Домбыра үйренушілер өте көп болды», – дейді ол.

Жақсы ұстаз тек қана үйретіп қана қоймай, адамды қызықтыру үшін өзі орындаушы болып, шығармашылығымен көпшілікті тамсандыруы керек. Бұл да жастарға, жас мамандарға мотивация болсын деген ниеттен туындаған маманның арманы еді. Курстарды дамыту мақсатында, Қазақстанның барлық аймағын аралап, еліміздің сұлу табиғатын көрсете отыра, домбыра күйлерін насихаттау басты міндетіне айналды.

Ұстаздық жолында тәжірибе жинау үшін, Алматы қаласының көптеген жеке меншік мектептерінде жұмыс істеп, домбыра үйретудің түрлі әдістемелерін меңгере бастайды. Бүгінде әлеуметтік желіде жеке бренд қалыптастыру аясында қарқынды жұмыс істеп келеді. Көпшілігі оны «Дала» атауы арқылы таниды. Осы тұста оқырмандар тарапынан «Неге Дала?» деген сұрақтар туындауы мүмкін.

«Қазақтың сөзі өте бай, Дала деген сөздің астарында – көшпелі қазақ халқының мәдениеті жатыр... Қазақтың ән-күйлері табиғатпен байланысты, адамзат сол табиғаттың бір бөлшегі... Даланың үнін насихаттау домбырашы болған соң парызым деп есептедім», – деп түсіндіреді кейіпкеріміз.

## Домбыраның қара үні тамсандырды

«Бірде, Өзбекстанның Ташкент қаласына жол түсіп, әуежайдан таксиге отырдым. Таксист ағай телефоннан бокс жекпе-жегі көріп отыр екен. Қолымдағы домбырамды көріп: «Қазақ қызы екенсің ғой, міне, Қазақстанның боксшысы бокстасып жатыр, қолдап аренаға бармайсың ба?» – деп, күлді... Ташкентте Бокстан әлем чемпионаты болып жатқан еді... (ІВА). Сөйтіп, домбыра арқылы спортшыларымызға рухани қолдау білдіргім келіп, Хумо аренаға қарай беттедім. Үстімде ұлттық киім, қолымда домбыра, шетелден келген адамдар аң-таң... Әр боксшымыз шыққанда, күй орындаймын, спортшыларымыз әр раундта жеңіске жетеді... Бұл күйдің құдіреті ме деп қоямын. Алаңда Құрманғазының «Адай» күйін орындап, желіге салып, Хумо аренада үш күн бойы жанкүйер болдым. Бір күнде жұлдыз болып шыға келдім... Санжар Ташкенбайдың ағалары қонақ қылып, құрметтеді. Домбыраның үні рух берді деп, ризашылықтарын білдірді», – деп дала сазының құдіреттілігін әңгімелей түсті.

Бұл қазақ спорт тарихындағы керемет жетістік еді. Сол жолы спортшыларымыз 4 алтын алып, төрт рет Қазақстанның туын көкке самғатты. Екі этникалық Қазақ күміс жүлдеге ие болды. Тарихи сәттің бір бөлшегі осы бір қоңыр күйлердің құдіреті екені даусыз. Ол жайында Бокс федерациясы да ескеріп, президенті Кеңес Хамитұлы Рақышев Толғанай Асхатқызын алғыс хатпен марапаттады.





## Қасиетті шаңырақтағы алғашқы шығармашылық кеш

Мұғалім десе, бірден көз алдымызға бір кабинеттен шықпайтын, айналып келіп оқушыларға сабақ беретін, дәптер тексеріп, күнін мектепте өткізетін тұлға елестейді. Ал Толғанай Асхатқызының сабақ беру әдістемесі мүлде бөлек. Мектепте домбыра пәнінің мұғалімі болса да, ұлттық аспаптың маңыздылығын оқушыларға қалай жеткізсем деп толғанады.

Қазіргі таңда, Domyra time жобасы аясында онлайн-офлайн оқу жүйесінде топтық сабақтарды санамағанда, 2000-нан астам шәкірт тәрбиеледі. Жақында Мәдениет министрі Аида Балаева өзінің фейсбук парақшасында QSANDYQ мобильді музыкалық қосымшасының іске қосылғандығы туралы көпшілікке жариялады. Бұл қосымшада дәстүрлі музыкамызды тыңдай аласыздар. QSANDYQ компаниясының миссиясы – ұлттық өнерімізді көпшілікке қолжетімді ету.

Бүгінде қосымшаға Айгүл Үлкенбаева, Еділ Хұсайынов, Нұржан Жанпейісов, Анар Мұздаханованың орындауындағы керемет күйлері енді. QSANDYQ-пен қарқынды жұмыстар жасалып жатыр.

Алматыда Арсланбек Сұлтанбектің концерті өтті. Ол – Түркі дүниесіне «Асау» деген атпен танылған әнші-композитор. Юнус Эмре университеті мен Түркия елшілігінің ұйымдастыруымен «Ноталар саяхаты» атты концертіне Толғанай да қатысты.

Жақында оның Алматы қаласы, Ықылас атындағы ұлт-аспаптар музейінде «Дала үні» атты алғашқы шығармашылық кеші өтті. Бұл Ықылас атындағы музей Өзбекәлі Жәнібековтің ықпалымен құрылған. **Бұл музейдің ерекшелігі – ақын-жыраулар, ұлы күйшілеріміздің домбырасы сақталып тұрған жер.** Өзбекәлі Жәнібековтің Торғайдың мәдениетінің дамуына қосқан үлесі зор. Сол себепті Толғанай осы қасиетті шаңырақтан алғашқы шығармашылық кешін бастағанды жөн көргенін айтады. Дәл осы концертте күй орындауға ұстазы Секен Тұрысбеков өзінің домбырасын ұсыныпты. Бұл да болса, Толғанай үшін үлкен жетістік, дәулескер күйшінің қаршадай қазақ қызына деген құрметі.



## ИСТОРИЯ УСПЕХА АКТЕРА ТОЛЕПБЕРГЕНА БАЙСАКАЛОВА

Толепберген Байсакалов - наш звездный земляк, талантливый казахстанский актер кино, завоевавший признание зрителей своим исключительным актерским мастерством. Толепберген Турсынович внес значительный вклад в развитие казахстанского кинематографа, покоря сердца зрителей талантом и харизмой на больших экранах. Его участие в разнообразных проектах подчеркивает его способность воплощать роли с глубоким эмоциональным оттенком.

- Ну неге? Неге ты сразу так айтасын?

- Бала бақша - это акша...

- Дәрігер - денсаулық, денсаулық - зор байлық - соответственно олар бай... - эти и много, много других фраз, набора слов на казахском языке, произнесенных с акцентом, вперемешку с русским, героя Толепбергена Байсакалова - выдуманного депутата, «шала казак» Мэлса Маратовича из пародийных видеоскетчей, буквально «завирусил» социальные сети, а на самого актера прямо-таки обрушилась лава популярности.




Высмеивать пороки общества нужно. Посмотрят на себя со стороны и начнут учить родной язык, говорили одни. Другие звонили Байсакалову и задавали вопросы: «Ну неге, неге ты так о нас говоришь?» Были и те, кто предлагал сменить актерскую деятельность на кресло депутата.

Еще столько ролей не сыграно, о каком депутатстве может идти речь?! Быть на сцене, быть актером - мечта, к которой, сын водителя Турсына Байсакалова - Толепберген шел с детства. Еще в школьные годы он прослыл шутником, юмористом и пародистом. Пародировал Байсакалов-младший тогда руководителей колхоза, доярок, работников села, артистов. Первое его публичное выступление прошло в шесть лет на сцене села Михайловское Боровского, ныне Мендыкаринского района Костанайской области, уроженцем которого и является наш герой. Отец - Турсын аға работал водителем, мама - Рышат апа воспитателем в детском саду. Толепберген - старший ребенок в семье. Есть две сестренки и братишка. Своему первенцу отец пророчил, конечно, более земную профессию - водителя. Однако мальчишке была интересна только сцена. Смешить окружающих у него получалось лучше всего. Он участвовал во всех сельских праздничных мероприятиях, был диджеем деревенской дискотеки. Окончив школу, поступил в Костанайское училище культуры. По окончании работал заведующим домом культуры в родной Михайловке. Проводил концертные программы, конкурсы и даже спектакли ставил, и сам в них играл.

«Много было личностей в жизни, начиная со школьных лет, которые способствовали творческому развитию. Это Татьяна Кузьмичева, Анатолий Дубовиков, преподаватели училища, академии искусств, ВГИК - этот список можно долго продолжать, каждый из них внес свою лепту в мой выбор профессии и становление как актера», - говорит Толепберген Турсынович. Словом, о чем мечтал, к чему стремился - к тому и пришел.

### Уроки, съемки и дебют

Этот путь нельзя назвать легким, лихие 90-е внесли свои коррективы. Но, как говорится, дорогу осилит идущий. В 1995 году Толепберген Байсакалов решил поступать в Казахскую национальную академию искусств имени Т.К. Жургенова. Его заметила профессор Рахиям Машурова и пригласила в свой класс, казахское отделение.






В то время абитуриент из Костанайской области практически не знал родного языка. Но педагог убедила его в том, что нужно учить, чтобы быть востребованным в отечественном кинематографе. Так он попал в актерскую мастерскую Р.А. Машуровой. Благодаря Рахилиям Абдрахмановне, вспоминает актер, за год он выучил наизусть не один десяток песен на казахском языке, фразы Абая, Чингиза Айтматова и других выдающихся деятелей. Пришлось даже уезжать в безлюдные места либо сидеть в кабине грузовика, чтобы читать вслух и учить. Так быстрее все запоминалось, и дискомфорта соседям не доставлял. Тогда было нелегко и невесело. Но спустя годы он сделал вывод: если ты пахарь, то все двери можно открыть! Байсакалов прекрасно понимает тех, кто сегодня еще не знает государственный язык. Так как сам еще в процессе изучения.

Еще во время учебы в академии искусств студента Байсакалова пригласили сняться в фильме Сатыбалды Нарымбетова «Молитва Лейлы». Эта картина-драма о Семипалатинском полигоне стала дебютной в его кинематографической карьере. Затем последовали съемки в фильмах «Остров Возрождения», «Кұрақ көрпе».

## В мире кино

За эти годы Толепберген Байсакалов снялся в 80 картинах. В 2008 году фильм «Тюльпан», в котором он сыграл одну из главных ролей, получил Гран-при на Каннском кинофестивале в номинации «Особый взгляд». Картина о жизни в степи, заветной мечте, об отношении мужчин и женщин, человека и природы завоевала 19 наград на различных кинофестивалях. Толепберген Байсакалов в этой картине предстает в роли весельчака, тракториста Бони - друга главного героя картины Асхата. Главный режиссер фильма Сергей Дворцовой, актеры Толепберген Байсакалов, Самал Еслямова и другие участники съемочной группы присутствовали на церемонии награждения в Каннах. «Это было неожиданно, волнительно и чертовски приятно», - вспоминает Толепберген Байсакалов. В 2010 году Байсакалов окончил ВГИК (Мастерская Владимира Хотиненко). В 2011 году принял предложение сняться в военном боевике режиссера Олега Фесенко «Снайпер 2. Тунгус». Съемки фильма проходили в Беларуси, в Минской области, и неподалеку от Бреста. В этом фильме Толепберген Байсакалов играет одну из главных ролей - снайпера Мишу Кононова (Тунгуса). Его прототипом стал реальный снайпер Семен Данилович Номоконов, на счету которого 367 немецких солдат и офицеров, 8 солдат Квантунской армии и даже генерал-майор. Байсакалов долго и тщательно изучал своего героя-прототипа, чтобы передать все его качества. И, конечно, был обескуражен финалом фильма. Тунгус погибает от пули вражеского снайпера, хотя его прототип Номоконов прожил долгую жизнь и был настоящей знаменитостью. После премьеры картины, которая состоялась на Первом канале 9 мая 2012 года, наш звездный земляк стал узнаваемым и среди российских кинозрителей. Исполнение им главной роли было отмечено только позитивными отзывами. Многие подмечали внешнее сходство с прообразом главного героя. «Этот опыт работы для самоутверждения бесценен», - говорит актер. Так же, как и опыт работы с режиссером Айжан Касымбековой в фильме «Огонь». Здесь практически вся команда состояла из женщин! Сценарист - Маншук Айтмухамбетова, продюсер - Диана Ашимова, оператор - Нургуль Нурбулатова. «Я не перестаю восхищаться тем, как могут работать женщины! Они трудоголики, педантичны и точны! У них можно многому поучиться», - восторженно говорил Толепберген Турсынович. Ну, а на кинофестивалях в Сочи и Лос-Анджелесе зрители и кинокритики восхищались игрой актера Байсакалова, который сыграл главную роль в этом фильме. Призы за «Лучшую мужскую роль», очередное признание и овации зрителей - результат кропотливого труда, профессионализма и таланта. Игру в этом фильме оценили и родные. Родители, конечно, гордятся сыном, но все время мечтали о том, чтобы сын играл более серьезные роли. На вопрос, о какой роли он мечтает, актер, не задумываясь, сказал: «Следователя, героя или любовника. Но в целом не заморачиваюсь. Это работа».

Толепберген Байсакалов продолжает удивлять и вдохновлять зрителей своим талантом и профессионализмом. С более чем 80 фильмами на своем счету он продолжает расширять границы своего искусства, находясь на пике карьеры.



В его репертуаре есть как яркие роли, которые принесли ему признание на международном уровне, так и глубокие и сложные персонажи, которые показывают его актерский диапазон.

Байсакалов не останавливается на достигнутом, он продолжает исследовать кинематографический мир теперь уже в роли режиссера. Один из его фильмов «Түймерелер» удостоен награды в номинации «Лучшее режиссерское экспериментальное кино» на кинофестивале в Турции. Его творчество не только приносит ему заслуженное признание, но и вдохновляет новые поколения киноманов и творческих личностей.

В череде актерских будней Толепберген Турсынович не забывает и о малой родине - Костанайщине. Здесь живут родители, родственники, одноклассники и друзья.

**Т. Байсакалов:**

«Ездил в родное село. Приятно было видеть, что школу, в которой учился, Михайловский сельский клуб отремонтировали. Очень рад за односельчан. В областном центре посетил новые объекты «Тобол арена», «Костанай Plaza» и еще ряд новых зданий. Костанай стал красивее, больше. Огромная благодарность администрации кинотеатра «Зодиак», которая предоставила возможность показа фильма «Огонь», экс-акиму области Архимеду Бегежановичу Мухамбетову за внимание к выходцам из Костанайской области. Приятно, что помнят, знают, приглашают. Согласен с его мыслью о том, что об успешных людях нужно говорить и писать, чтобы дети, молодежь брали пример и верили, что каждый человек может добиться успеха в любимом деле, если будет очень стараться».





## ШУАҒЫН ШАШҚАН ЖАН



Кісіге жамандық ойламайтын, керісінше, жақсылық тілейтін, жүрегі ізгілікке толған адамдар арамызда жүр. Алайда, оны кейде байқамай, бағдарламай жатамыз. Ол өмірдегі күйбеңі көп күйкі тіршіліктің кесірі болса керек. Қ.Әбенov атындағы Амангелді аудандық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Индира Арбабаева қара басының қамынан гөрі жанындағы жақсының мүддесін биік қоятын, кішіге апай, үлкенге қадірлі сіңілі болып жүрген — Мизамбаева Лиза Таутанқызы туралы сыр шертпек.


Жұмыр басты пенденің адамдығы мен адалдығын, бойындағы иманы мен қадір-қасиетін сақтауы тек өзіне байланысты. Қолдағы бақты ұшырып немесе одан эп-сәтте айырылып жатқандар қаншама. Ал жаратқанның берген бармақтай бағын биік таудай көріп, ерекше қадірлеген адамдардың есімдері некен-саяқ. Лиза Таутанқызы – екі ұл өсіріп, екі немере сүйіп отырған жан. Қ.Әбенov атындағы мәдениет үйінің әдістемелік кабинет меңгерушісі, бірнеше толқын тәрбиелеген тәлімгер.

Лиза апай дарындар мен дарабоздар шыққан киелі Үрпек ауылының тумасы. Таутан атаның зарығып көрген баласы. Содан болуы керек, Лиза апай бала кезінен білімге құмар, әке қадірін жете түсініп, қатарластарынан оқ бойы алдыңғы қатарлы болды. Мектепте білімді оқушы болса, ауылда үлгілі қыз ретінде танылды. Балауса шақтан өнерге жаны құмар болып өсті. Соның арқасында есімі елге ерте танылып, халық арасында өнердің жанашыры бола білді.

Лиза Таутанқызының ерекше мінезі – өзінен гөрі өзгені көбірек ойлауы. Қаншама шақыртулар түссе де, батыр атындағы Амангелді ауданынан жырақтап кетпеді.

Қ. Әбенov атындағы аудандық мәдениет үйінде тұрақтап қалып, 38 жыл еңбек етіп келеді. Керісінше, өзіне ұсынылған қызметке жас буын, өзінен кейінгі іні-қарындас, әріптес-замандастарын ұсынды. Бұл бойындағы дарынды тұмшалау емес, бәлкім, кісіге жанашыр, адамдығы деп білемін. Иә, қазір үлкен сахнада өнер көрсетіп жүрген өнерпаздардың үлкен өмірге қадам басуына да біраз жағдай жасады. Жас дарындарға арнап арнайы байқаулар ұйымдастырды. «Ақ желкен», «Түйме қыз», «Жұлдызды сәт», «Жұлдыз Лайф», «Айсұлу», «Ер төстік», «Тұмар ханшайым», «Ер Тарғын», «Балбөбек» сынды авторлық жобалары және Амангелді ауданынан шыққан өнер саңлақтары жайлы «Өнер – таусылмас қазына, сарқылмас байлық» атты кітабы көпшілікке таныс.

Тілге тиек еткен байқаулар әрқашан аудан руханияты мен мәдениетіне ерекше үлес қосуда.



Бір ғана «Ақ желкен» байқауы қаншама жастың бағын жақты. Осы жас әншілер байқауынан бастау алған өнерлі өрендер – еліміздің Түркия, Ресей, Италия, Польша мемлекеттерінде өткен байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанып үлгерген. Ал өміршең «Түйме қыз» байқауы бүлдіршіндердің сүйікті байқауына айналған. Сондай-ақ, ол кісінің өз қолымен жазған түрлі байқау сценарийлері арнайы «Сценарийлер жинағына» еніп баспа бетінен жарық көрді. Осы еңбегі еленіп, Лиза апай атақ-дәрежеден құр қалмады. Лиза Таутанқызының «Өмірін – өнермен өрнектеген» атты шығармашылық кеші өтті. 2021 жылы Лиза Таутанқызы Қостанай ауданы, Тобыл қаласы «Алтын дән» мәдениет үйінде, мәдениет қызметкерлерінің «Өнер – жұтамас байлық, таусылмас қазына» атты облыстық семинар ұйымдастырды.

Сонымен қатар, әлеуметтік желіде де белсенді. «Жарастық» өнерлі жанұялар, «Ана – өмір шырағы» атты онлайн жобалары көпшіліктің көңілінен шыға білді. Қазіргі таңда «Суреттер сыр шертеді» атты айдарымен өткен шақтағы суреттер тарихын жазып, оқырмандарына ұсынып отыр. Апайымның журналистік қабілеті бір төбе. Облыстық «Қостанай таңы», аудандық «Амангелді арайы» газеттеріне мақалалары жиі басылып тұрады. Ол кісі көпшіл, ұйымдастыру қабілеті жоғары, тез ойлап, тез шешім қабылдай біледі.

2003 жылы ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Алғыс хаты, 2018 жылы ҚР Мәдениет Министрінің «Құрмет» Грамотасы, 2013 жылы Қостанай облысы әкімінің Грамотасы, 2019 жылы облыстық Кәсіподақ төрайымының Грамотасы, 2012, 2016 жылдары Амангелді ауданы әкімінің Грамотасы, 2007, 2015 ж.ж. Жылдың «Үздік мәдениет қызметкері» номинациясы, 2021 жылы ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалі және Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлері кәсіптік одағының «Еңбек даңқы» төсбелгісі, 2023 жылы Амангелді Үдербайұлы Имановтың 150 жылдық мерейтойы және Амангелді ауданының құрылғанына 95 жыл толу құрметіне арналған естелік медалінің иегері атанды.

Айтып кеткендей, Амангелді ауданынан шыққан өнер санлақтары жайлы «Өнер – таусылмас қазына, сарқылмас байлық» атты кітабында қызым Карина екеуміз туралы да жазылды. Лиза Таутанқызының әріптестеріне, соның ішінде жастарға жасаған жақсылығы ұшан-теңіз. Лиза апайдан үйренгенім де, үйренерім де өте көп. «Өнердегі апайым» және «Ақылшым» деп айтамын. Мені қолдап, қорғап жүреді. Лиза апайдың бойына ұшқыр режиссерлік және мықты ұйымдастырушылық қабілет дарыған. Мен кейде ол кісіден таңқалып сұраймын, сізден, керемет, әдеби сөздер қайдан шыға береді деп. Рас, мен естімеген сөздерді айтып, таңқалдырады. Лиза апай жасынан көркем әдебиетті көп оқиды екен. Үнемі ізденіс үстінде жүреді. Заман ағымына бейімделген жан.

Лиза апайдың еңбектен тыс жеке өміріндегі тағы бір қыры, ол – бармағынан бал тамған аспаздығы. Түрлі, дәмі тіл үйірет тағамдарын қонағына тосудан жалыққан емес. Ұжымдағы қыздарға қонақ күтуді, берекелі дастархан жаюдың қыр-сырын үйретіп отырады.





## ӨРКЕНИЕТ - ОЗНАЧАЕТ РАЗВИТИЕ



«Өркениет» - это название центра развития в селе Жуковка Костанайского района. С его открытием жизнь здесь стала веселее, интереснее и насыщеннее. В этом убедились специалисты Областного центра самодеятельного народного творчества и киновидеофонда. Они посетили его в рамках программы «Зерделеу». Познакомились с работой творческих кружков, оказали методическую помощь, провели мастер-класс для талантливых танцоров и пообщались с местными жителями.

- Увиденное нас приятно удивило. Было бы прекрасно, если бы во всех селах были созданы такие условия для развития и культурного досуга, - рассказывает и.о. руководителя отдела организации культурно-досуговой работы и народного творчества ОЦСНТК Гульнар Молдашева.

Небольшой уютный, со вкусом оформленный и самое главное - теплый сельский клуб сегодня еще редкость, и не только для нашего региона. Дети занимаются хореографией в чешках, футболочках и шортах. Теплый пол, свежий ремонт, светлый зал - все это благодаря директору ТОО и меценату Валерию Ивановичу Розумовичу. Около четырех лет назад Валерий Иванович инициировал программу «Возрождение села». Вначале всем селом очистили улицы от мусора, камней, булыжников, старых высохших насаждений. Начали строительство жилых домов, построили развивающий центр «Өркениет», купили в клуб необходимое оборудование: барабанную установку, световую и усилительную системы, звукозаписывающую аппаратуру, гитары, синтезатор. Культурный организатор центра Жанна Булатовна Таласпаева по специальности педагог-хормейстер, приехала сюда около двух лет назад.



За это время создала несколько творческих коллективов: вокальные, хореографические, хоровой. Организовала работу кружков инструментального искусства и художественного слова. Занимаются в них не только школьники, но и все желающие. В общем в клубе есть творческие занятия для представителей разных возрастных категорий. Все, чему научились, они демонстрируют в первую очередь на праздничных, культурно-массовых мероприятиях в своем же селе. «Голубой огонек» 31 декабря, ретро-концерты, концерт шансона, народные гулянья - Масленица, Наурыз мейрамы, теннисные турниры, игры для детей, чаепития - это лишь малая часть мероприятий, которые проводятся в Жуковке с участием жителей всего сельского округа. Кстати, зимой в деревне каждый год заливают каток, где все желающие совершенно бесплатно могут взять коньки и покататься. Не забыли здесь и про любителей лыжного спорта. Лыжи также выдают бесплатно. В выходные дни катают на снегоходах. Есть детская площадка и даже этно-ресторан на 100 человек. Руководитель ТОО думает не только о себе, но и о народе, говорят благодарные жители села.

30 июля здесь традиционно проводится День села. В этот день в Жуковке чествуют активистов сельского округа, победителей различных конкурсов и соревнований. Руководство местного ТОО всячески поддерживает начинания культурного центра Жанны Булатовны. Клуб никогда не пустует. И дети, и взрослые приходят сюда с большим удовольствием. Кстати, созданный в прошлом году хореографический ансамбль «Жұлдыз» при центре «Өркениет» уже неоднократно побеждал в конкурсах.

В прошлом году занял первое место в районном конкурсе «Сәлем, достар». На суд жюри они тогда представили уйгурский танец. В Астане на международном конкурсе «Astana stars 2024» исполнили казахский танец «Жаңарған қамажай» и тоже оказались в числе лучших, заняв первое место.



- Это результат всего двух месяцев работы! Костюмы к конкурсу сшили благодаря денежной премии, которую получили за победу в районном конкурсе, - рассказывает художественный руководитель.

Тот случай, когда говорят: «Была бы цель!» А целью было - заявить о себе, показать себя, ведь творческому человеку важно не только радовать зрителя, но и получить оценку профессионалов и ценные советы. Удивительно то, что танцевальный ансамбль создала культурный организатор центра, по образованию не хореограф, Жанна Таласпаева. Хореографические постановки ставит и репетирует с детьми она сама. А все началось с того, что ко Дню села Жанна предложила девочкам разучить танцевальный номер, дабы разнообразить концертную программу.





Средства на пошив костюмов выделил Валерий Розумович. Девочки очень ответственные, талантливые, трудолюбивые, и результат не заставил себя ждать. Теперь в Жуковке есть 3 хореографические группы: младшая, средняя и старшая.


- Каждое движение танца мы обсуждаем с ансамблем, придумываем вместе, подсматриваем в YOUTUBE у других коллективов. Вот так и разучили несколько постановок, - рассказывает художественный руководитель ансамбля.

С целью развития творческого потенциала методист по хореографии из Областного центра самодеятельного народного творчества и киноvideofонда Куаныш Жаркенов провел мастер-класс для талантливых танцоров в рамках программы «Зерделеу». Помощь была кстати, так как ансамбль готовится к участию в очередных конкурсах.

В копилке центра «Өркениет» наград уже немало. Так, коллектив Жуковки уже дважды завоевывал первые места в районном смотре художественной самодеятельности «Өнеріміз саған, Қазақстан». Цель этого года - Гран-при. Вокалисты Жуковки также отличились на конкурсах. Ильяс Байхадамов дважды становился лауреатом районных песенных конкурсов. «В селе много талантливых, нереализованных людей, поэтому работу по выявлению и развитию способностей продолжаем», - говорит Жанна Таласпаева.

Сама Жанна – лауреат международных, республиканских вокальных конкурсов. Является лауреатом «Золотой книги молодежи Костанайской области» 2020 года в номинации «За вклад в развитие культуры и искусства области». Также она лауреат республиканской премии «Рухани казына -2023» в номинации «Ауылдық мәдениет үйі, клубының үздік қызметкері». Была депутатом 7 созыва маслихата Костанайского района. В 2020 году создала свой авторский онлайн-проект «ЖАStime», в котором знакомила зрителей с талантливой молодежью Костанайского района и области, достигшей успехов в разных сферах деятельности.

Активная культурная жизнь в селе Жуковка стала возможной благодаря директору местного ТОО и меценату Валерию Ивановичу Розумовичу, усилиям и энтузиазму жителей и, конечно же, культурному организатору развивающего центра «Өркениет» Жанны Таласпаевой. Пример жуковцев показывает, что сильное сообщество может добиться больших успехов даже в маленьком уголке мира.



## ШАЛҚЫТА ӘН САЛҒАН «ШАЛҚЫМА»

Қостанай облысында қазақ халық әндерін насихаттауға зор үлес қосып жүрген тамаша ансамбль бар. Топ құрамында тек қыздар. Сызылта ән салулары өзгеше. «Шалқыма» вокалдык-домбырашылар ансамблі 2008 жылы Қостанай ауданы, Тобыл қаласындағы «Алтын дән» мәдениет үйінің жанынан құрылды. Тұрақты жетекшісі – Айнұр Сейтова. «Шалқыманың» қыздары сахна төрінде әуелете ән салғанда көңілің толып, айналаң нұрланып кететіндей.

Айнұр Тойлыбайқызы – Аманкелді ауданы, Байғабыл ауылының тумасы. Өзі мектепте өнерге де, түрлі қоғамдық іс-шараларға да жақын болып, басы-қасында жүретін. Балалар домбырашылар ансамблінде күй ойнап, ән шырқайтын. Ең алғаш домбырасын қолына алып сахнаға шыққан сәті әлі күнге есінде. Ол кезде бірінші сыныпта оқитын. Шыға сала еш қысылмай «Қошақаным», «Көкеме хат» әндерін әуелете жөнелді. Жиналған көрермен риза болып, қолпаштағанда бала көңілі өсіп, сенімі нығая түсті. Содан бері қасиетті сахнаның құдіреті жіберген емес. «Әнші балапан», «Термешілер байқауы», «Арқа әуендері» фестивальдеріне қатысып жүлделі орындардан көрініп жүр. Өнер жолынан кеткен емес. Қазір «Алтын дән» мәдениет үйінде еңбек етуде. Республикалық, облыстық байқаулардың дипломанты, «Халық алғысы» төсбелгісінің иегері.

Өзі құрған ансамбльдің құрамында бес әнші бар. Олар: Зылиха Төлебаева, Гүлмира Әлжанова, Ажар Ермағанбетова және Таңшолпан Мәдиева. Бесеуі де өз салаларын жақсы меңгерген, өнер десе барын беруге даяр нағыз бесаспап қыздар. Біреуі қобызда, бірі шертер, домбырада ойнап, ән салады.

– Ансамбльді құрарда қалай атасақ екен деп ойландық. Ойласа келе «Шалқыма» деп атауды жөн көрдік. Ансамбль қыздардан құралған, әрі қазақ халық әндерін кеңінен насихаттауды мақсат тұтқан, сол әндерді шалқытып, әуелетіп жүрсек дедік. Қазіргі кезде эстрадалық топтар өте көп. Ал домбырада ән айтып жүрген біз неге қазақ халық әндерін орындамасқа дей келе, өзара ортақ шешім қабылдадық. Әрине, қазіргі таңда кез келген өнер адамына қолдау өте қажет. Себебі сыртқа шығып, әр түрлі байқауларға барудың өзі қаражатқа келіп тіреледі. Қолдаушылар табылып жатса қуаныштымыз, – дейді Айнұр Тойлыбайқызы.





Осы жылдар ішінде ансамбль өзін сан қырынан таныта білді. Қалың көрерменін түрлі репертуарларымен қуантып келеді. Облыстық, аудандық ауқымдағы, сондай-ақ одан тыс жерлердегі іс-шараларға қатыса отырып, мерекелік бағдарламалардың да сәнін келтіріп жүр.

Ансамбльдің репертуарында қазақ халық әндерімен қоса Қазақстан композиторларының шығармалары да жеткілікті. Ең бастысы қазақтың халық шығармашылығын насихаттап жүр.

«Шалқыма» вокалдық-домбырашылар ансамблі – халықаралық және республикалық фестивальдер мен байқаулардың лауреаты және дипломанты. Қол жеткізген жетістіктері мен марапаттары да аз емес. Өткен жылдарды айтапанның өзінде соңғы үш-төрт жыл ішінде де талай шынды бағындырып тастапты. Ал бұл өнер ұжымы үшін мақтанарлық дүние.




«Music talent» халықаралық вокалдық және аспаптық өнер байқауының Бас жүлдесі, «Сен – жұлдызсың!» II Халықаралық қашықтық фестиваль-байқауының 2-орын иегері, «Көнеден жеткен күмбір» аймақтық фольклорлық фестивалінің дипломанты, облыстық «Шалқыма» вокалдық-домбырашылар ансамбльдері байқауының I орны иегері, Алматы қаласында өткен Халықаралық халық шығармашылығы байқауының Бас жүлде иегерлері... Айта кететін тағы ерекше байқауларының бірі, 2022 жылы Ресей Федерациясының Липецк қаласында өткен Халықаралық халық шығармашылығы фестиваліне барып 2-орынды қанжығасына байлап қайтқан. Бұл фестивальде бірнеше шет мемлекеттерден келген халық шығармашылығының ұжымдарымен бақ сынасты. Атап айтсақ, Моңғолия, Татар, Украина, Қалмақ, Қырғызстан елінен және тағы көптеген ұлт өкілдері қатысты. «Шалқыма» ансамблі Қазақстан елінің байрағын Ресей елінде көкке көтерді. Айта берсе жетіп жатыр. Оның сыртында түрлі телевизиялық шоуларға қатысып, мықты мамандардан шеберлік сағаттарын да алған еді. Оның да маңызы зор. Әр жеңістің артында еңбек пен талпыныс, өнерді шындай түсуге деген жігер жатыр. Осының арқасында «Шалқыманың» аты шығып, еңбектері бағаланды. Алғыс хаттар, түрлі кездесулер де өтіп жатады. Мұның бәрі өнер адамы үшін шабыт береді. Бірақ өнер жолында да түрлі қызықтар бола береді.



«Біздің басымыздан өткен оқиғалар көп. Мамыр айында Алматыға халықаралық фестивалге бардық. Фестивальден Бас жүлде алып, өзіміз мәз-мәйрамбыз. Қайтар кезде арамызда бір қыздың туысқан ағасы оны қонаққа шақырған болатын. Ол кісінің үйі вокзалдың қасында болғандықтан біз барлық заттарды сол қызға тапсырдық. Ал қалған төрт қыз қаланы аралап, кешке вокзалға келдік. Пойыздың жүруіне 2-3 мин қалған кезде ғана ол қыз заттарымызбен зорға үлгеріп, бір қолымызда домбыра, бір қолымызда чемоданымыз бар. Әйтеуір пойызға улап-шулап міндік. Енді қарасақ бір домбыра машинада қалып қойыпты. Содан сол домбырамызды бір айдан кейін поштамен алдырттық. Сол кезде жақсыға жорып, «тағы да Алматыға келеміз» деп айтып едік.



Алланың қалауымен Алматының КТК телеарнасындағы «Кел, шырқайық» теле-шоу бағдарламалармасының кастингінен өттік. Алла қаласа сәуір айында сол бағдарламаға жол жүреміз деген ойымыз бар», – дейді ансамбль жетекшісі. Ансамбль мәдениет үйіндегі түрлі мерекелік, театрландырылған көріністерге де атсалысып отырады. Ендігісі репертуарларын жаңартып, көптеген байқауларға қатысып, жеке есеп беру концертін өткізуге дайындық жасау. Ең басты мұрат – қазақ халқының өнері мен мәдениетін, әндерін дамыту.





## «ҚОС ЖҮРЕКТІҢ ӘУЕНІ». КОНЦЕРТ АНШЛАГПЕН ӨТТІ



«Бүгінгі кеш бұрынғыдан өзгереді» деп басталды «Мирас» мәдениет сарайында өткен өнерлі отбасылардың концерті. Айтқандай-ақ басты өзгешелігі халықтың көптігінде болды. Бұрын-сонды концерттерге мұндай көрермен жинала қоймайтын. Ән тыңдаймыз деп келгендердің көптігі сонша залға симай, тіптен есіктің аузында тұрып қарауға да риза болып жатты. Кеш облыстық мәдениет басқармасының қолдауымен, облыстық халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен өткен еді. Ұйымдастырушылардың өздері де аң-таң. Алтыда басталатын өнер кешіне келіп жатқандарды ұстап тұру мүмкін болмады. Орын болмағандар орындық әкеліп жайғасып, сыйысып жатты. «Бүгін апам мен жездем ән айтатын еді. Гүлімді алып, асығып жеткенім осы. Мұнша халық жиналады деп ойламаппын», – дейді Әмина апамыз. Ал, Алтын дала ауылынан таксилетіп келген Төлеухан Дүйсекова апамыз кіре алмағанына өзі де сенбей тұр. «Бұрын-сонды концертке осынша халық жиналғанын көрмеппін. Ән тыңдайын, демалайын деп келгенмін. Ауылдардан әншілер келеді дегенді естіп, сол баяғы жастық шақтың әуендерін сағындық. Онымен қоса тегін болған соң көп келген ғой. Бірақ бір жағынан осылай болып жатқаны да қуантады», – дейді ағынан жарылып. Сөйтіп өнерде де, өмірде де бірге жүрген жұбайлардың «Қос жүректің әуені» атты концерті аншлаппен өтті.

Сахнаға алғаш болып өнерлі отбасы, республикалық түрлі жобалардың жеңімпаздары, баршаға танымал Қадыр-Майра Қаржауовтар шығып, шымылдығын түрді. Олар елу жыл отасып, сахнада да бірге келеді. Осы өнерлі жұптың ізін жалғап аудандардан 11 жұп шығып, ән сүйер қауымға өнерлерін паш етіп, белгілі туындыларды, қазақтың халық әндерін орындады. Талғампаз тыңдарманның құлақ құрышын қандырды.

Меңдіқара ауданынан келген Тобыл-Нұржамал Болатовтар отбасы мәдениет саласында 44 жыл еңбек етіп келеді. Отағасы Меңдіқара ауданына қарасты Михайлов ауылында клуб меңгерушісі. Көп балалы отбасы. Бүгінде балаларының алды ата-ана ізін жалғап, сахнада жүр.



–Өнер адамына халықтың ықыласы мен қолдауы болып жатса жетіп жатыр. Бүгінгі концерт бізді қанаттандырып тұр. Өнермен қоса отбасы құндылығын да дәріптеп, жеткізіп жатсақ қандай тамаша. Ұйымдастырып жатқан азаматтарға алғысымыз шексіз, – дейді Болатовтар отбасы.

Ал осы отбасылық жұптардың басын бастап келе жатқан Қаржауовтар мұндай концерттің бірінші рет болып жатқанын алға тартты.

– Осы отбасылық дуэттердің ішіндегі ең үлкені біз екенбіз. Өмірді енді бастап келе жатқан жастарға қолдау қажет, жол ашқанымыз өте құптарлық. Халықтың қарасын да көріп тұрсыз. Ел қарапайым, шынайы концертті сағынған. Жастарға өнердегі сапарлары ұзақ әрі сәтті болсын деп тілейміз, – дейді Майра апайымыз.


Осы бастаманы қолға алған облыстық халық шығармашылығы орталығының жанынан құрылған «Шаңырақ» ұлттық өнер орталығының жетекшісі Мұрат Нағашыбай болатын. Ол өнер орталығында осы жұптардан алдын ала сұхбат алып, кездесулер өткізген. Кеш барысы да осы үрдіс жалғасып, сұрақ-жауап түрінде, еркін форматта өрбіді.

– Аталмыш кеш облысымызда бірінші рет өтіп жатыр. Содан да болар көрермен көп. Өзіміз де таңданып, риза болып, қуанып жатырмыз. Демек халық ресми түрде өтетін концерттерден гөрі осындай еркін, жанға жылу беретін кештерді сағынған. Алдағы уақытта кең сарайда мұнан да көп жұптармен, жаңа нұсқада өткіземіз деп отырмыз, – дейді жоба жетекшісі әрі кеш жүргізушісі Мұрат Нағашыбай.

Кеш соңында облыстық халық шығармашылығы орталығының басшысы Дәмер Қалқаев баршаға алғысын білдіріп, қос жүректері лүпілдеп, махаббатты аялаған әншілерге сәттілік тіледі.

– Әр ұйымдастырған дүниеміз халықтың жүрегіне жетіп жатса риза болып, қуанып қаламыз. Сұраныс болып, ән тыңдаудан шаршамайтын патша көңіл көрермен болса өнер адамы қанаттана түседі. Орын болмаса да көңіл кең. Келгендер сыйысып отыра кетті. Енді бұдан да кең ауқымды қамтимыз. Әншілер де осы концерт аудан, ауылдарда гастрольдік сапармен өтсе деген тілектерін білдіріп жатыр. Оны да қарастыра жатармыз, – дейді орталық басшысы.

Суреттерді түсірген Б. Көркембаев.









# ШАБЫТ

*қанатында*

Меншік иесі:

Қостанай облысы әкімдігі Мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК

Заңды мекен-жайы:

110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай қаласы, Лермонтов көшесі, 15

Телефоны: 8 (7142) 562-428

E-mail: info.ocsnt.kz

Website: www.ocsnt.kz

«Шабыт қанатында» журналы Қазақстан Республикасының ақпарат және әлеуметтік даму министрлігінде 202 жылы 4 наурызда тіркелген.

«Шабыт қанатында» журналының тіркеу нөмірі KZ96VPY00020902

Жазылу индексі 76401

Басылым әр тоқсан сайын шығады

Ежеквартальное издание

Қостанай қ., Захарченко В.И. ЖК баспаханасында басылды

Әрлеуші - Юлия Фрей

27.03.2024 баспаға қол қойылды. Формат 210x297

Шартты б. т. 3,6. Таралымы 150 дана. Тапсырыс №239

Отпечатано: г. Костанай, ИП Захарченко В.И.

Дизайн - Юлия Фрей

Подписано в печать 27.03.2024. Формат 210x297

Усл. п. л. 3,6. Тираж 150 экз. Заказ №239

